




### КӨЛІК КЕПТЕЛІСІ: ШЕШІМІ ҚАНДАЙ?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



### КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ: ДУЫРЛІ ДОДА

8-БЕТ | СПОРТ



### АЖЫРАСУ АЗАЯР ЕМЕС

11-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам.

№72  
(4660)  
Сейсенбі  
18 маусым  
2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЖЕКЕ КУӘЛІК ЖАҢАРАДЫ

Қазақстандықтарға жаңа үлгідегі жеке куәліктер беру 2024 жылдың 15 маусымында күшіне енді.

«Жаңа жеке куәлік қосымша деректерден тұрады: жеке куәліктің көрнекі бетінде иесінің азаматтығы мен жынысы туралы ақпарат болады. Бұрын бұл ақпарат жеке куәлікке салынған чипте болған» делінген ПІМ хабарламасында.

Куәліктің жаңа дизайны бюджеттен шығыстарды талап етпейді және қазіргі уақытта жаңа құжаттарды беру үшін төлейтін мемлекеттік баж сомасына әсер етпейді (2024 жылға мемлекеттік баж салығы 738,4 теңге).

Жарамдылық мерзімі аяқталмаған жеке куәліктер өз күшін сақтайды.

Жаңа куәліктерді бір мезгілде жаппай ауыстыру болмайды.

Қазақстан азаматтары жаңа үлгідегі жеке куәліктерді, егер алдыңғысының жарамдылық мерзімі өтіп кетсе немесе басқа да себептермен жарамсыз деп танылса, ауыстыру туралы өтініш беру арқылы ғана алады.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Ты – халықтың нерзеті.

Мұстафа Шоқай



## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШУАҒЫ

Құрбан айт мерекесінің бір қағидаты – қайырымдылық жасау. Елордада жылдағы дәстүр бойынша ұйымдастырылатын «Игі істер марафоны» аясында көмекке мұқтаж жандарға азық-түлік себеттері таратылды.



## BUS LANE: УАҚЫТША РҰҚСАТ

Жол жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңіне көлік жүктемесін азайту мақсатында кейбір көшелердегі «Сергек» камераларымен автобус жолақтары бойынша қозғалысты тіркеу уақытша тоқтатылды, деп хабарлады Астана әкімдігінің ресми сайты.

Атап айтқанда, көлік жүктемесін төмендету мақсатында осы жылдың 1 шілдесіне дейін Тұран және Қабанбай батыр даңғылдарының бойында, сондай-ақ Сарайшық және Сарыарқа көшелерінде «Сергек» камераларымен автобус жолақтары бойынша қозғалысты тіркеу уақытша тоқтатылды.

Осыған байланысты жүргізушілерден елорда жолдарындағы өзгерістерді түсінуді және ескеру сұралады.



## ЖҮГІРГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Биылғы Astana Half Marathon бұқаралық жарысына 6 мыңға жуық адам қатысты. Жүгірушілер арасында 20 шетел спортшысы да болды. Төрт қашықтық бойынша ұйымдастырылған жарыстың жүлдегерлері демеушілердің есебінен бағалы сыйлықтар мен ақшалай сыйақылар алды. Жарысқа қатысу жарнасынан түскен қаражат мүмкіндігі шектеулі балаларға спорттық жабдықтар алуға жұмсалады.



## АСТАНАДАН – СЕУЛГЕ

Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасында тікелей әуе қатынасының ресми ашылу рәсімі өтті.

Астана – Сеул бағыты бойынша ұшуларды «Эйр Астана» әуе компаниясы аптасына екі рет (сәрсенбі және сенбі күндері) «Эйрбас-А321» үлгісіндегі әуе кемелері арқылы орындайтын болады.



## САУДА ӨКІЛІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың Сауда өкілі Кэтрин Тайды қабылдады. Президент Кэтрин Тайдың сапары Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, соңғы отыз жылда екі ел сауда, инвестиция, қауіпсіздік, адам құқықтары және демократия секілді көптеген салада стратегиялық серіктестікті нығайтты. «Сіздің еліңіз – Қазақстан экономикасындағы ірі шетелдік инвесторлардың бірі. Тікелей шетелдік инвестицияның жалпы көлемі 65 миллиард доллардан асады. Былтыр екі мемлекет арасындағы тауар айналымы

4,1 миллиард долларға жетіп, 30 пайыздық өсім көрсетті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Қазіргі уақытта Қазақстанда 600-ден астам америкалық компания табысты жұмыс істеп жатыр. Мен инвестициялық тартымдылықты жақсартуға, экономиканы ырықтандыруға және өнеркәсіпті дамытуға баса мән беремін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

АҚШ-тың Сауда өкілі Кэтрин

Тай құрмет көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Сондай-ақ сауда байланыстарын дамытуға және экономикалық ықпалдастықты нығайту үшін қажетті жағдай жасауға, соның ішінде Сауда және инвестициялар жөніндегі негіздемелік келісімді жүзеге асыруға қатысты жаңа тәсілдерді бетпе-бет талқылауға мүмкіндік бергеніне ризашылығын білдірді.

## АГЕНТТІК БАСШЫСЫ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады. Президентке жемқорлыққа қарсы күресу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы баяндалды.



Агенттік төрағасының мәліметі бойынша жыл басынан бері елімізде 947 жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркеліп, 660 адам әшкереленді. Оның 104-і – әртүрлі деңгейдегі басшылар. Тергеу амалдары аяқталған қылмыстық істер аясында 193,5 миллиард теңге өтелді. Жалпы, 2022 жылдан бері мемлекетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне 1,03 триллион теңге көлемінде мүлктік активтер мен қаржы қайтарылды.

Биыл білім, ғылым, спорт, дәрі-дәрмек сатып алу, құрылыс, жер телімдерін бөлу салаларына жүргізілген талдау және мониторинг жұмыстарының

қорытындысы бойынша 113 есеп әзірленді. Мемлекеттік органдарға жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған мыңнан астам ұсыныс берілді. Алдын алу шаралары аясында, соның ішінде «Бірыңғай сатып алу терезесі» порталына мониторинг жүргізу арқылы 31 миллиард теңгеден астам бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуына жол берілмеді. «Бизнеске жол» жобасын жүзеге асыру кезінде 7,5 мыңға жуық кәсіпкердің құқығы қорғалып, 67 түйткілді кейс шешімін тапты.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа жол саласындағы жемқорлық әрекеттерді

жоюға қатысты тапсырмасының орындалу барысы жөнінде баяндалды. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына жыл басынан бері Қатар, Гонконг, Эзербайжан және Ресей Федерациясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволарымен ынтымақтастық туралы 4 меморандумға қол қойылғаны жайында мәлімет берілді. Аталған құжаттар құқықтық көмек көрсету, активтерді қайтару, адамдарды іздестіру, бюджет қаражатының мақсатты жұмсалыуына және сатып алу үдерісіне мониторинг жүргізу мәселелері бойынша серіктестікті нығайтуға бағытталған.

## КІНӘЛІЛЕРДІ ЖАЗАЛАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысы Отар ауылындағы әскери бөлімде мерзімді қызметін өтеп жатқан сарбаздың қомаға түсуіне қатысты анасының әлеуметтік желілерде жариялаған үндеуімен танысып, мән-жайын мұқият зерттеп, кінәлі адамдарды жазалауды талап етті.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қорғаныс министріне армияда мұндай жағдайға жол бермеу қажет екенін ескертіп, тергеу амалдарын бақылауға алуды тапсырды. Бұл туралы ҚР Президентінің баспасөз хатшысы Б.Уәли өзінің facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында жазды.

## ӘЗІРЕТ СҰЛТАН МЕШІТІНЕ БАРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрбан айт мерекесіне орай елордадағы Әзірет Сұлтан мешітіне барды. Мешітте Құран оқытылып, Мемлекет басшысының атынан құрбандық шалынды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Құрбан айт мерекесімен құттықтады.

Қадірлі отандастар!

Құрбан айт құтты болсын! Бұл – имандылық пен мейірімділіктің, адамгершілік пен адалдықтың, жанашырлық пен жауапкершіліктің мән-маңызын арттыра түсетін мейрам.

Барша мұсылмандар асыға

күтетін қастерлі мерекенің тағылымы зор. Құрбан айтта, ең алдымен, сауабы мол игі амалдар жасалып, елді ізгілікке бастайтын құндылықтар кеңінен дәріптеледі. Сол арқылы халқымыздың рухани тұтастығы нығая түседі.

Ата дініміздің ұлағаты біздің салт-дәстүрімізбен тығыз сабақтасып жатыр. Халқымыз қашанда қиындыққа тап болған

жандарға қол ұшын беріп, көмегін аямаған. Көктемдегі алапат тасқын кезінде жұртымыздың осы асыл қасиеті айқын көрінді. Біз ырқысты ынтымағымыздың арқасында кез келген қиындықты жеңеміз.

Айттан айтқа аман-есен жете берейік! Дұға-тілектеріңіз қабыл болсын! Әр шаңыраққа амандық, толайым табыс тілеймін!



## ҚҰРБАН АЙТПЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Құрбан айт мерекесіне орай шет мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтау хаттары мен жеделхаттар келіп түсті.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев өзінің құттықтауында екі ел басшыларының саяси ерік-жігері мен ортақ іс-әрекетінің арқасында халықтарымыз арасындағы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достық, ынтымақтастық және тату көршілік қатынастар стратегиялық серіктестік пен одақтастық деңгейіне көтерілгенін атап өткен. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал Қазақстан халқына бақ-береке тілеген.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров адамзаттың мейірімділікке үндейтін осынау қасиетті күнде достас Қазақстан халқының барлық арман-ниеті орындалуына тілектестік білдіреді. «Біздің елдеріміз арасында қалыптасқан тығыз әрі достық қарым-қатынас бауырлас халықтарымыздың игілігі үшін алдағы уақытта да нығая түсетініне сенімдімін» деп

жазылған жеделхатта.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Қасым-Жомарт Тоқаевқа денсаулық, зор бақыт, аса жауапты қызметіне табыс, ал Қазақстан халқына бейбітшілік пен тұрақтылық, бақ-береке тілеген. «Бауырлас халықтарымызды ортақ мәдени-рухани құндылықтардан, соның ішінде бүкіл мұсылман үмбеті үшін қасиетті саналатын Құрбан айт мерекесінен бастау алатын берік достық қатынастар мен өзара тілеуестік біріктіреді» деп жазған Тәжікстан Президенті.

Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов өз құттықтауында тарихи тамыры мыңжылдықтардан басталатын, адамзаттың рухани құндылықтарын паш ететін қасиетті мейрам барша мұсылман үмбетінің өзара түсіністігі мен сенімінің нығаюына ықпал ететінін атап өткен.

Сонымен қатар Құрбан айт мейрамына орай өздерінің ізгі

тілектерін БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Әс-Сиси, Иордания Королі II Абдалла, Марокко Королі VI Мұхаммед, Кувейт Әмірі шейх Мишааль әл-Ахмад әл-Джабер ас-Сабах, Оман Сұлтаны Хайсам бен Тарик, Бахрейн Королі Хамад бен Иса Әл Халифа, Палестина Президенті Махмуд Аббас, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрдің орынбасары шейх Мансур бен Заид Әл Нахаян, Экономикалық ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Хусрав Нозир, Ислам ынтымақтастығы ұйымының Бас хатшысы Хиссейн Брахим Таха және тағы басқалар жолдады.

Қазақстан Президентінің атына құттықтау хаттары мен жеделхаттар әлі де келіп түсіп жатыр.

## 800 БАЛА ЗОРЛЫҚ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы заң қолданысқа енді. Құқықтық статистика комитетінің ресми дерегі бойынша елімізде жылына 800-ден астам бала зорлық-зомбылық құрбаны болады.

Осыған байланысты биыл 15 сәуірде Мемлекет басшысы әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігіне қатысты заңға қол қойды. Жаңа құжаттағы түзетулер мен өзгертулердің жартысынан көбі балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Елімізде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 21 мыңнан астам бала бар. Олардың 4000-ға жуығы жетім балаларға арналған 115 мекемеде өсіп жатыр. Қалған 17 мыңнан астамын түрлі отбасылар асырап алған. Жыл сайын қазақстандықтар мыңнан астам жетім баланы

асырап алады. Бірақ солардың арасында құқығы тапталып, құлға айналғандары да бар. Оған күні кеше 6 баласына 3 жылдан бері арам ет беріп аспаптан шымкенттік ерлі-зайыптылардың ісі дәлел. Тергеу басталды. Алғашқы сот отырысы 18 маусымда өтеді.

## ASTANA HUB ТЕХНОПАРКІН АРАЛАДЫ



Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев Astana Hub IT-стартаптар халықаралық технопаркін аралап, оған қатысушылармен кездесті. Сондай-ақ бірқатар отандық инновациялық жобалармен танысты.

Astana Hub IT бизнес үшін экожүйені құру және дамыту, IT мамандарын даярлау әрі стартап жобаларды қолдау бойынша белсенді жұмыс атқаруда. Бүгінгі таңда технопаркте 1,5 мыңға жуық IT-компания тіркелген, оның

400-ден астамы шетелдіктердің қатысуымен.

Мәселен, Алақан стартапы – алақан тамырларын тану арқылы контактісіз төлем жүйесі. Нарықтағы жоба 2020 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 3

өнімге ие: Алақан Pay, Алақан Мектеп және Алақан HR. Алақан жүйесінде 100 мың белсенді тұтынушы бар. Аталмыш жүйе айына 1,2 млн идентификация әрі тартылған \$300 мың инвестицияны құрайды.

Тағы бір тың жоба – NeuronOil. Бұл – машиналық оқытумен ұңғымааралық сандық модельдеуді қолданатын мұнай кен орындарын игерудің веб-тренажері. Технология жоспарланған өндіріс көлемін сақтай отырып, шығындардың өсуіне күнделікті мұнай өндіруді арттыруға немесе шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жаһандық экспансияға бағытталған, болашағы зор қазақстандық EdTech стартапы CodiPlay-дың жұмысы таныстырылды. Жоба Қазақстан, Өзбекстан, Оңтүстік Корея, Қатар, Әзербайжан, Индонезия және Ұлыбритания мектептерін өз жүйесіне қосу арқылы жасанды интеллект пен виртуалды шындықты пайдаланады.

Кездесу барысында стартаптарды қолдау шаралары, нақты инновациялық жобаларды коммерцияландыру, сондай-ақ Президенттің IT-қызметтер экспортының көлемін \$1 млрд-қа дейін арттыру туралы тапсырмасына сәйкес стартаптарды венчурлық қаржыландыру мәселелері талқыланды.

## АЗАМАТТАРДЫ ОНЛАЙН ҚАБЫЛДАДЫ

Астанада ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова Аманат партиясының қоғамдық қабылдау алаңында азаматтарды онлайн қабылдады. Жүздесу барысында Қызылорда тұрғыны Сәби Аңсат тарихи тұлғалар еңбегін жастар арасында дәріптеуге байланысты мәселе көтерді. Оның ішінде Темірбек Жүргенов туралы телехикая түсіру керектігін жеткізді. Бұл ретте Тамара Дүйсенова Мәдениет және ақпарат министрлігіне тиісті тапсырма беріп, орындалуын жеке бақылауына алатынын айтты.

Астана тұрғыны адам ағзасына зиянды темекі, алкоголь өнімдері мен құрамында қанты бар сусындардың таралуына қарсы күрес шараларын күшейтуді сұрады. Мәселеге қатысты жауап алған вице-премьер бұл бағытта жүйелі жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті. Сонымен қатар саламатты өмір салтын нығайтуға және насихаттауға бағытталған бірлескен шараларды қолдауға дайын екенін білдірді.

Қабылдауға қатысқан бір топ азамат құқық қорғау қызметінің ардагерлері атынан өтініш айтты. Олар Алматыдағы ІІМ ауруханасы мен оның қарамағындағы «Қазақстан» шипажайының жұмысын қалыпқа келтіруді сұрады. Кездесу барысында бұл мәселемен Ішкі істер министрлігі мен мегаполис

әкімдігі бірлесе шара қабылдап жатқаны туралы айтылды. Тамара Дүйсенова ведомство басшысының орынбасарына мәселе көтерген сала ардагерлерімен тікелей кездесіп, мәселені шешу барысы туралы тұрақты түрде құлағдар етіп отыруды тапсырды.

Семей тұрғыны мүгедектігі бар баланы дәрі-дәрмек, арнайы тағаммен қамту мәселесін көтерсе, астаналық азамат «Болашақ» бағдарламасы арқылы білім алған тұлғаның жайын қозғады. Тамара Дүйсенова айтылған мәселелерді шешуге байланысты мүдделі мемлекеттік органдарға нақты тапсырма жүктеп, атқарылған шаралар туралы тікелей есеп беруін міндеттеді.

Сондай-ақ 1 шілдеден бастап енгізілетін дәрілік заттарды таңбалау мен

қозғалысын бақылау талабын енгізу мәселесі талқыланды. Вице-премьер аталған шара ең алдымен, тұрғындар тұтынатын дәрі-дәрмектің сапалы әрі таза болуына бағытталғанына баса мән берді. Таңбалау мен бақылау айналымға контрафактілік өнімнің енуіне жол бермейтінін атап өтті.

Сонымен қатар Тамара Дүйсенова тиісті таңбалар тек 1 шілдеден кейін өндірілген немесе елге әкелінген дәрілік заттарға қойылатынын жеткізді. Кездесу кезінде көтерілген мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар, дәрі-дәрмек өндірушілері, тасымалдаушылар, дәріханалар өкілдерінің қатысуымен тұрақты түрде жүздесулер ұйымдастыру тапсырылды.

## ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Палатаның депутатымен бірге Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығына барды. Қазіргі таңда бұл Орталық – қан қызметі бойынша еліміздегі жетекші медициналық ұйым. Аталған мекеме халыққа шұғыл және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде трансфузиялық терапияның қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етеді.

Мәулен Әшімбаев мекеме ұжымымен кездесуде Трансфузиология орталығы – Қазақстандағы қан қызметінің флагманы, ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің трансфузия-

лық терапияның қауіпсіздігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ететін маңызды тетігі екенін айтты.

Статистикаға сәйкес, соңғы бес жылда донорлар саны 14,4 пайызға,

ал қан құю көрсеткіші 13,6 пайызға артқан. Жыл сайын 380 мыңнан астам қан құю жүргізіледі және 100 мыңға жуық пациент өмірлік маңызды донорлық қан өнімдерін алады.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы өз сөзінде Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласына үнемі баса мән беретінін айтты. Ел Президенті жүктеген міндеттерді іске асыру аясында денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге және бұл бағыттағы өзекті мәселелерді шешуге арналған нақты шаралар қабылданып жатқаны белгілі.

Үкімет үйінде Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасына қатысты жағдай қаралды.

## БАҒА МӘСЕЛЕСІ САРАПҚА САЛЫНДЫ

«Бір апта ішінде 10 түрлі тауардың, атап айтсақ: қырыққабат (9,7%), пияз (1,3%), қарақұмық жармасы (1,1%), тауық еті (0,6%), күріш (0,4%), құнбағыс майы (0,4%), макарон өнімі (0,2%), қант, сүзбе және ұн бағасы (0,1%) төмендеді. Жалпы, елімізде негізгі азық-түлік бағасының индексі 0,1%-ға төмендеп отыр. Баға 11 облыста, әсіресе Алматы, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында айтарлықтай төмендеді» деп түсіндірді ахуалды Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова.

Оңтүстік өңірлерде ерте пісетін көкөністерді жинау науқаны басталып жатыр. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүрековтің айтуынша, ерте пісетін картоп – 219 мың тонна, қырыққабат – 105 мың тонна, сәбіз – 32 мың тонна, пияз 66 мың тонна көлемінде күтілуде. Бұл

көлем маусым-шілде айларында халықтың аталған көкөністерге деген қажеттілігін қанағаттандыруға жеткілікті.

«Өндірушілерден мегаполистерге тікелей жеткізуді қамтамасыз ету үшін Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарындағы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің тізімі құрылды, барлығы – 900-ден астам кәсіпорын. Мәліметтер Астана, Алматы және Шымкент әкімдіктеріне көкөністерді жеткізу келісімдерін жасау үшін берілді» деді Ербол Тасжүреков.

Кеңес қорытындысы бойынша Серік Жұманғарин әкімдіктерге алдағы маусымаралық кезеңде ерте пісетін және күзгі көкөністерді жеткізу үшін келісімге отыру жұмыстарын жандандыруды тапсырды.



## ТОЙЫП СЕКІРГЕНДЕРГЕ ЖАЗАНЫ ҚАТАЙТАЙЫҚ

Тәуелсіз Қазақстанның заңын атап өтіп, азаматтарымыздың қауіпсіздігін қаперге ілмей, өзінің қуанышын өзгенің қайғысына айналдыра жаздаған тентектердің тірлігі туралы көп естіп, біліп жүрміз. Қазақ «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» дейді.

Өкінішке қарай, тойып секіріп, ақшаның буы ұрғандар өздерін өзгелерден биік қоятын ауруға шалдыққан. Оның емі қатаң жаза ғана. Нақты мысалы күні кеше ғана Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданының Түрген ауылында болды. Үйлену тойының құрметіне серуенте шыққандар автомат пен тапаншадан оңды-солды оқ жаудырып, қаруды кезекпен алып оқ атып қызық құған. Қымбат көлік, көп ақша заңды белден басуға мүмкіндік беретін бассыздыққа әкелмеуі керек, бұл бұлжымас қағида емес пе?

Алайда ауылдың ортасында жауған оқтан қорқып қашқан қарапайым халықты да, тәртіп сақшыларын да көзге ілмеген ойсыз тойшылар құлды бір 90-жылдарда жүргендей қаруды қалағанынша қолданған. Онысын абырой көріп видео-фотосын әлеуметтік желіге жүктеген. Бұл дегеніңіз Тәуелсіз елдің Заңын елемедіңіз, жазасыз қалатындарына сенімді болудың көпе-көрінеу көрінісі емес пе? Абырой болғанда, қаңғыған оқтан жапашеккен азамат жоқ. Бірақ үрейленген халықтың көңілі күпті. Себебі сіз бен біздің ата-әжеміз, ата-анамыз, бала-шағамыз, бауырларымыз, отандастырымыз жүретін көшеде қызық қуып оқ жаудыруға кім рұқсат берді?

Тағы бір сұрақ, ойсыз оқ атқандар автомат пен тапаншаны қайдан алған? Әлде оларға заң, құқықтық тәртіп жүрмей ме? Бұл – желіккен жастардың жай ғана бұзақылығы емес, мемлекеттік тәртіпке, заңға ашық қарсылығы. Халықтан, елдің ішкі қауіпсіздігі мен қоғам тыныштығына жауапты құқық қорғау органдарынан еш айылын жимай, «Ал не істеп аласың?» деп деңбайбат көрсетуі. Айтпақшы, азаматтардың өмірін қатерге тігіп ауылдың ортасын-

да оқ атқандар бейнекамераға қарап кешірім сұрап жазадан құтылып кетпеу керек. Мұндай тәсілден елдің әбден ығыры шықты.

Жаман әдет жұққыш келеді. Ертең бұлдарға еліктеушілер шығып, атыс ұйымдастырса не болмақ?! Сол себепті бұл заң бұзушыларға заңға сәйкес шара қолдану процесі көпке жария түрде жүруі тиіс. Аз күнде орта мектеп түлектері, түрлі оқу орындарының бітірушілері аттестат, диплом алу кештерін жаппай атап өтеді. Сол кезде де отпашу жасап, автокөлікпен жарысып жастарымыз апатқа ұшырап жазым болмауы үшін барлық жағдайды жасау керек. Түлектермен, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн.

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген Бауыржан Момышұлының қанатты сөзі бәріміздің қаперімізде болуы тиіс.

Қорыта келе, жауапты органдарға мынадай іс-шараларды қолға алуды ұсынамын: 1. Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіпті сақтау шараларын күшейтіп, түлектердің кештерінде таңсыздық орын алмауы үшін рейдтер жүргізу қажет. 2. Прокуратура, Сот-тергеу органдары Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданының Түрген ауылында болған оқиғаны саралап, оған қатысы бар азаматтарға заңға сай қатаң жаза кесуі керек. 3. Ішкі істер министрлігі қарапайым азаматтардың қолындағы қару-жараққа инвентаризация жүргізіп, олардың заңға сәйкес келмейтіндерін тәркілеу қажет. Және осы саланы реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қатаңдау керек.

Нартай СӘРСЕНҒАЛИЕВ,  
Мәжіліс депутаты



## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Құрбан айт мейрамына орай Астанада жылдағы дәстүр бойынша көмекке мұқтаж азаматтарға азық-түлік себеттері таратылып жатыр. Ауқымды іс-шара қала әкімдігі мен демеуші болған PetroRetail компаниясы «Игі істер марафоны» аясында өткізілді.

– Мыңға жуық себет әлеуметтік жағынан осал отбасыларға таратылды. Олар – көпбалалы отбасы, жалғызбасты аналар, зейнеткерлер, мүгедектігі бар азаматтар, ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасылар. Қораптың салмағы – 45 келі. Азық-түлік себетінде күнделікті тұрмысқа қажетті құнбағыс майы, қант, ұн, сүт және т.б. тауарлар бар. Осындай қайырымдылық

іс-шарасына атсалысқаны үшін «Petro Retail» компаниясына алғысымызды білдіреміз. Сонымен қоса, өзге де бизнес өкілдерін игі іске қатысуға шақырамыз, – деді Астана қаласы әкімінің кеңесшісі Қуаныш Молдабек.

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері азық-түлік себеттерін мұқтаж жандардың үйлеріне дейін жеткізіп береді. Себет-

тердің бірі астаналық көпбалалы ана Жанагүл Қарасаеваға табысталды. Ол осындай көмек көрсеткені үшін ұйымдастырушыларға шексіз алғысын білдірді. «Қалалық әкімдік пен PetroRetail компаниясына алғысымызды білдіремін. Мерекелік көңіл-күй сыйлағандарыңызға рақмет. Барша қазақстандықтарды Құрбан Айт мерекесімен құттықтаймын. Дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық тілеймін, – деді көпбалалы ана.

Мұндай акция Астанада жыл соңына дейін ұйымдастырылады. Былтыр наурыздан бастап қалада он мыңдай отбасыға 4000-нан астам азық-түлік себеті таратылды.

## ПОЙЫЗБЕН САЯХАТ ЖАСАЙДЫ

«Туған елге саяхат» балалар экскурсиялық пойызы жолға шығады.



Туризм және спорт министрлігі ұсынған анықтамалық дерекке сәйкес, «Туған елге саяхат» – патриоттық жоба. 2016 жылдан бастап Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен, «Туған

елге саяхат» балалар экскурсиялық пойызы жобасы іске асқан. Бұл жоба осы күнге дейін 2 320 баланы қамтыды. Оның аясында балалар пойызбен саяхаттай отырып, Қазақстан қалаларындағы тарихи ескерткіштермен,

көрікті жерлермен танысады.

Жоба «Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық жобаларының халықаралық форумында корпоративтік қайырымдылық аясында үздік деп танылды.

– «Туған елге саяхат» жазғы танымдық-туристік пойызының бірінші рейсі 27 маусымда жолға шығады. 12 күн бойы балалар Астана, Бұрабай, Алматы, Тараз, Түркістан және Байқоңыр қалаларындағы танымал мәдени-тарихи орындарды аралайды. Экскурсиядан басқа жол бойы оқушылармен бірге тәлімгерлер мен педагогтар жұмыс істейді. Қызығушылық үйірмелері, зияткерлік және спорттық ойындар мен басқа да ойын-сауықтар қарастырылған. Екінші рейс 24 шілдеге жоспарланған. «Samruk-Kazyna Trust» қоры қолдайтын әлеуметтік жоба екі маусымда өтеді. Олардың әрқайсысына көпбалалы, аз қамтылған немесе толық емес отбасылардан шыққан 10-15 жастағы 200 бала қатысады. Су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің балаларына басымдық беріледі, – деді министрлік өкілі.

## ҚҰМЫРА ҚҰЙЫП ҮЙРЕНДІ

Елордада Әкелер күніне орай жас отбасы мүшелеріне қыш құмыра жасау шеберлік сағаты өтті. Artumar орталығында өткен шеберлік сағатына 35 жастан аспаған ерлі-зайыптылар қатысып, құмыра жасауды үйренді.

Отбасындағы ауызбіршілік пен сыйластықты арттырып, өзара түсінісу мен ортақ көзқарас қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған шеберлік сағаты «Отбасы – бақыт мекені» іс-шаралар кешенінің аясында өткізілді.

Әкелер күнінің негізгі мақсаты – дәстүрлі отбасылық құндылықтарды ілгерілету, мен «ынталы ата-ана болу» идеясын насихаттау.



## АСТАНА КҮНІНДЕГІ АТ ЖАРЫС

Астана күніне орай елордада ат спорты кедергіден қарғудан қалалық ашық турнир өтеді. Бағы мен бабы келіскен сымбаты мен сыны, жүрісі мен жылдамдығы үйлескен сәйгүліктер сайыстың жеті түрі бойынша сынға түседі. Жарыстың ашылу салтанаты «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешенінде өтеді. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Шабысымен тәмам елді тамсандырған сәйгүліктер мен қарагөз бойжеткендеріміздің, жігерлі жігіттеріміздің өнерін сынайтын, қазанатарымыз қажыр-күшін көрсететін қалалық ашық турнирінде барлығыңызды жанкүйер болуға шақырамыз. Кіру тегін» деді ол қала тұрғында-

рына арналған жазбасында.

Іс-шара Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен және елордалық Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері Федерациясының ұйымдастыруымен өтеді. Жарыстың жалпы жүлде қоры 12 миллион теңгені құрайды.

## ҚҰТҚАРУШЫЛАР – ЖЕҢІМПАЗ

Өрт-құтқару спорты бойынша ҚР кубогінің VII турнирінің жабылу салтанаты және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті.



13 ерлер мен 12 әйелдер құрама командалары арасында 4 күнге жоспарланған жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталды. Турнирдің қорытындысы бойынша ерлер арасында жалпыкомандалық есепте 1-орынды Астана қаласы, 2-орынды Қызылорда облысы, 3-орынды Ақтөбе облысының құрама командалары иеленді. Ал

әйелдер арасында бірінші орынды Түркістан облысы, екінші орынды Астана қаласы, үшінші орынды Алматы қаласының құрама командалары алды.

Жарыстың қорытындысы бойынша жеке және командалық сынақтың жеңімпаздары медальдармен, дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды.

## АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

**2024 жылғы 28 маусымда сағат 10.00-де** Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымның кезекті сессиясы шақырылады.

**Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:**

1. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі есебі.
2. Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
3. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.
4. «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 303/38-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
5. «Астана қаласының аудандық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 129/16-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. «Астана қаласының учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 130/16-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

7. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

8. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

9. Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 22 қыркүйектегі №230/31-VII «Астана қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

10. Қалалық мәслихаттың сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.

11. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

**Е.КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы

## ЖАҢА ДИЗАЙН-КОД ЖОБАСЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Астана әкімдігі Лондон, Берлин, Мәскеу және Сеул сияқты әлемдік мегаполистердің тәжірибесі мен үлгілеріне сүйене отырып, бас қаланың жаңа «Дизайн-кодының» жобасын әзірлеуде.

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

Елорда әкімдігінің мәлімдеуінше, 2023 жылғы 31 қазанда мәслихат шешімімен қаланың бұрынғы «Дизайн-коды» көздейтін қала құрылысының регламенті күшін жойды.

Қазіргі кезде орталық уәкілетті орган сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне, оның ішінде қаланың стилистикалық бірыңғай келбетін, жайлы және қауіпсіз қалалық ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ететін ҚР Құрылыс кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл өзгерістер абаттандыру элементтерін, ақпараттық құрылымдарды (мандайшалар, қалалық навигация), жарнамалық құрылымдарды, стационарлық емес объектілерді (маусымдық кафелер, дүңгіршектер) көгалдандыруды, жарықтандыруды, қасбеттерді, қоршауларды орналастыруға әсер етеді.

Заңнамалық актілермен жұмыс аяқталғаннан кейін «Дизайн-код» жобасын көпшілік талқылау үшін «Ашық НҚА» интернет-порталында орналастырылатын болады. Эскиздер бюджет бөлінгеннен кейін дайындала бастайды.

– Астана өзінің сәулеттік келбетін үнемі дамытуға және жетілдіруге ұмтылады. Қазіргі уақытта қала инфрақұрылымды жақсарту, жайлы қалалық ортаны құру және экологиялық тұрақты аудандарды дамыту бойынша жобаларды белсенді түрде жүзеге асыруда, – деп хабарлады әкімдік Қазақпарат тілшісінің сұрауына жауап ретінде.

Ведомство Астананың жаңа сәулеттік келбеті әлемдік озық тәжірибелер мен қалалық абаттандырудағы инновацияларды ескере отырып қалыптасатынын атап өтті.


– Қала тұрақты және ыңғайлы қалалық өмір салтын насихаттайтын озық технологияларды, инфрақұрылымды және дизайнды енгізу үшін Лондон, Берлин, Мәскеу және Сеул сияқты

мегаполистерді қоса алғанда, әртүрлі әлемдік қалалардың сан алуан үлгілері мен тәжірибелеріне жүгінеді. Астана бұл қалалардың көгалдандыру, кедергісіз және инклюзивті орта құру, сондай-ақ декоративті жарықтандыру және стандартталған шағын сәулет нысандары мен көше жиһаздарын қолдану арқылы бірыңғай көрініс жасау мәселелеріндегі тәжірибесіне жүгінеді, – делінген хабарламада.

Алайда қалада жаңа қызықты инфрақұрылымдық нысандар салу жоспарлары әлі жоқ. Бүгінде әлеуметтік нысандардың, дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің, қоғамдық кеңістіктердің құрылысына ерекше көңіл бөліну деді.

– Астанада соңғы жылдары архитектурасы бойынша көптеген бірегей және мәнерлі нысандар тұрғызылды. Бұл – көпқабатты тұрғын үй кешендері және қоғамдық ғимараттар ансамбльдері. Өз кезегінде, әрбір нысан бірегей, әрине, әлемде теңдесі жоқ бірегей ғимараттар мен құрылыстардың құрылысы да маңызды, өйткені ол елорданың имиджіне, оның даңқы мен беделіне жұмыс істейді. Алайда қала адамдар үшін жобалануы және салынуы тиіс екенін ұмытпаған жөн, – деді әкімдікте.

Сондай-ақ ведомство Астананың сәулеттік келбеті қаланы сәулет жағынан бірегей ғылыми, мәдени, білім беру және саяси кеңістіктің



Сеул, Оңтүстік Корея

**«ДИЗАЙН-КОД» ЖОБАСЫН КӨПШІЛІК ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН «АШЫҚ НҚА» ИНТЕРНЕТ-ПОРТАЛЫНДА ОРНАЛАСТЫРЫЛАТЫН БОЛАДЫ**

ең әдемі, жайлы, орталықтарының біріне айналдыруға бағытталған бағдарламалар аясында қалыптасып келе жатқанын атап өтті.

Кептеліс – көптеген ірі қалалардың басты проблемасы. Оқу жылы аяқталып, балалар демалысқа шыққанына және көлік пайдаланушылар қатарының азайғанына қарамастан, жаз шыға басталған маусымдық жөндеу мен таңбалау жұмыстары елордада жүріп-тұруды қиындатты. Сарапшылардың пікірінше, бұл мәселені түбегейлі шешу үшін жол инфрақұрылымын және көлік ағындарын реттеуді жақсарту қажет. Елордада осы бағытта қандай шаралар қабылданып жатқаны туралы төмендегі материалдан оқыңыздар.

### ЖҮЙЕЛІ ІС-ШАРАЛАР

Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы елордада көше-жол желісін жақсарту және жолдардағы кептелістер санын азайту бойынша тұрақты іс-шаралар қабылданып жатқанын атап өтті. Ведомствоның мәліметінше, 2023 жылы Айтматов көшесінің ашылуы Тұран, Қабанбай батыр, Сығанақ көшелері бойынша көлік жүктемесінің 12%-ға төмендеуіне алып келді. Бұл көшедегі жөндеу жұмыстары биыл аяқталады.

Басқарма өкілдері сондай-ақ өткен жылдың қазан айында Тәуелсіздік даңғылында жаңа көпірдің ашылуы Мәңгілік ел даңғылына жүктемесінің 15%-ға

## КӨЛІК КЕПТЕЛІСІ: ШЕШІМІ ҚАНДАЙ?



азайғанын және азаматтардың оң және сол жағалаулар арасында жылдам қозғалуын қамтамасыз еткенін атап өтті.

2023 жылы Момышұлы – Сарайшық, Тәуелсіздік – Нәжімеденов және Әнет баба – Сығанақ көшелерінің қиылысында үш ауыспа жол пайда болды.

Ведомствоның мәліметінше, биыл Тілендиев даңғылы мен Бейсекова көшелерінің қиылысында екі деңгейлі көлік айрығының құрылыс жұмыстары жалғасатын болады.

Сондай-ақ басқарма мамандарының болжамы бойынша, Қабанбай батыр даңғылына шыққанға дейінгі әл-Фараби даңғылының құрылысы қаланың жаңа бөлігінің – Мәңгілік ел, Қабанбай батыр, Тұран даңғылдарының барлық орталық көшелеріне жүктемесі айтарлықтай төмендетеді. Бұл жолдардың құрылысы жыл соңына дейін басталады және оны 2025-2026 жылдары толық аяқтау көзделіп отыр.

### БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫ

Елордадағы көлік ағындарын реттеуде басты рөлдердің бірі City Transportation Systems ЖШС атқарып келеді.

– Компания интеллектуалды көлік жүйесі арқылы көлік ағындарының қарқындылығы мен жылдамдығы бойынша деректерді талдайды және жинайды, сондай-ақ жолдардың максималды өткізу қабілетін қамтамасыз ету үшін қаланың магистральдық көшелеріндегі бағдаршам нысандарының жұмысына онлайн мониторинг жүргізеді, – деді СТС трафикті басқару орталығының бас менеджері Руслан Абдуалиев.

Сонымен қатар, компания көліктік талдау негізінде трафикті жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлейді.

– Жол қозғалысын ұйымдастыру және инфрақұрылымды енгізу алдында дамыту жөніндегі ұсыныстар Aimsun бағдарламасында модельденеді. Бұл ұсынылған инновацияның іс

жүзінде қалай көрінетіні туралы нақты виртуалды түсінік береді. Біздің міндетіміз – әсерді болжау және өзгерістің қаншалықты ақталатынына, мәселен, егер бір немесе басқа көшеде bus lane енгізілсе, қандай нәтиже болатынына жауап беру, – деді маман.

Компанияда 24/7 режимінде трафикті басқару орталығы жұмыс істейді. Мұнда СТС операторларымен бірге Полиция департаментінің қызметкерлері жолдағы штаттан тыс жағдайларға жедел әсер ету үшін қызмет атқарады.

– Орталықты жабдықтау бейімделу режимінде жұмыс істейтін көлік ағындары мен бағдаршамдардың бейнемониторингін онлайн жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл бағдаршамдар қиылыста көлік құралдарының қарқындылығы жоғары бағытқа басымдық береді. Сондай-ақ біз жедел жәрдем машиналары мен басқа да арнайы көліктер үшін басым жол жүруді қамтамасыз ету, маршруттық көлік құрал-

**АСТАНА ӘКІМІНІҢ АЙТУЫНША, БИЫЛ 50-ДЕН АСТАМ КӨШЕ-НІ ЖӨНДЕУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. ТАҒЫ 200-ДЕН АСТАМ КӨШЕ АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ**

дарын диспетчерлеу бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Бұл – автобустарды желіге шығару, кестелерді сақтау және олардың жүру уақытын реттеу, – деді Руслан Абдуалиев.

Трафикті басқару орталығының жұмыс тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі көлік ағынының жылдамдығы және оның қарқындылығы болып табылады.

### ЖҮКТЕМЕ НЕГЕ АРТТЫ?

– Елордада көлік құралдарының жыл сайынғы өсуі жолдардың сол учаскелеріне жүктемесін арттырады. Осыған байланысты көшелердің қазіргі өткізу қабілетін сақтау үшін қаладағы көлік құралдарының ағымына тікелей әсер ететін бағдаршам объектілерінің жұмыс режимдерін өзектендіру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізілуде. Жол қозғалысын ұйымдастыру схемаларын өзгерту арқылы қаланың көше-жол желісіне жүктемесін азайту бойынша іс-шаралар жүргізілуде, – деді СТС өкілі.

Маманның айтуынша, барлық аталған іс-шаралар іске асырылған жағдайда биылғы жылдың соңына дейін зияткерлік көлік жүйесімен реттелетін учаскелерде көліктің орташа жылдамдығын 25 км/сағ-тан 30 км/сағ-қа дейін арттыруға болады.

– Бұл өз кезегінде осы учаскелердегі көліктің орташа қарқындылығы сағатына 26 мыңнан 30 мыңға дейін арттыруға ықпал етуі тиіс, – деді маман.

СТС ақпаратына сәйкес, көлік кептелісі санының өсуінен басқа, қарқынды құрылыс, агломерация аумағынан келетін трафик, жол жұмыстары, жол-көлік оқиғалары және басқа да факторлар болып табылады.

Сонымен қатар, жылдамдықтың айтарлықтай төмендеуіне елорданың басты көшелеріндегі жолдардың өткізу қабілеттілігінен 30%-ға асатын ағынның артуы себеп болып отыр. Бөлінген автобус жолақтары жеке көліктің өткізу қабілетін төмендетеді, бірақ қоғамдық көлік қызметін пайдаланатын халықтың санын бірнеше есе арттырады.

Кептелістер Астананың сол жағалауында орналасқан көшелерде көп болады. Мысалы, Сығанақ көшесінде LRT құрылысына байланысты қозғалыс ішінара шектеліп, көлік ағыны оған параллель орналасқан Достық, Сарайшық, Қонаев көшелерінде жиі орын алады. Сондай-ақ қалаға Үркер, Талапкер, Қоянды және Қосшы жағынан кіру де қиын.

Мансиря СӘКЕНОВА

№72 (4660) 18/06/2024 Сейсенбі

## «ЖАСЫЛ» ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ҚАЖЕТ

Тұрақты даму тұжырымдамасы – жаһандық қауіпсіздік жүйесінің ажырамас бөлігі. Ол тұрақты даму мен ұлттық экономикалық тұрақтылық арасындағы байланысты қамтиды.

Тұрақты дамудың негізгі мақсаты – ұзақмерзімді перспективада экономикалық өсуді, әлеуметтік тұрақтылықты, экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ету. Бұл үйлесімге соңғы кездері Қазақстан мен әлемнің назарын аударып келе жатқан «жасыл экономика» тұжырымдамасы арқылы қол жетті.

Жалпы «жасыл экономикаға» көшу елеулі өзгерістерді қажет етеді. Ол бойынша бюджеттік, салықтық, экологиялық, ғылыми-техникалық саясатта құрылымдық реформаларды жүргізу, теңгерімді, ресурстарды үнемдейтін экологиялық менеджмент саясатын әзірлеу және қабылдау қажет. Мәселен, «жасыл» акциялар мен облигациялар, сондай-ақ эко-технологиялармен байланысты зияткерлік меншікпен сауда

жасау нарығын айтуға болады. Ұлттық статистика бюросы Қазақстандағы «жасыл» жұмыс орындарында жұмыс істейтін адамдардың үлесі туралы деректер беріп отырады. Мысалы, Астана қаласы бойынша тек «жасыл» жұмыс орындарына тартылғандардың саны – 5 мыңға жуық. «Жасыл» жұмыс орындары экологиялық таза технологиялармен, өндіріспен, қызмет көрсетумен, табиғи ресурстарды басқарумен және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты жұмыс орындары ретінде анықталады. Жалпы, «жасыл экономиканы» одан әрі дамыту ЖІӨ-ні ұлғайтуға және ірі қалалардан басқа 500 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Бұл жаңа өндірістерді қалыптастыруға, сондай-ақ азаматтардың жоғары өмір



сүру сапасын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жаңа Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуіне қол жеткізуге бағытталған маңызды бастаманың бірі – «Қазақстан Республикасының 2021 жылдан 2030 жылға дейінгі «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары». Бұл жоспар

– елдің экономикалық моделінің экологиялық тұрақтылық пен ресурстардың тиімділігіне көшу жолын көрсететін жан-жақты құжат. Мұның аясында Қазақстан «жасыл экономика» бағытында айтарлықтай дамуға қол жеткізе алады. Атап айтқанда, 2050 жылға қарай «жасыл экономика» аясындағы трансформация ЖІӨ-ні одан

әрі 3 пайызға арттырып, 500 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылуы ықтимал, жаңа өндірістер мен қызметтердің қалыптасуы, барлық жерде халықтың өмір сүру сапасының жоғарылауы, елдің қоршаған ортаға ең аз әсер ететін және табиғи ресурстардың деградациясы бар әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіруі мүмкін.

Жалпы «жасыл экономикаға» көшу Қазақстанның тұрақты дамуы мен экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы экономикалық өсу мен өркендеу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Зере АМАНГЕЛЬДИНОВА,  
Astana IT University  
студенті



## 500 ТОННАДАН АСТАМ ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛДЫ

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология акциясы аясында 300-ден астам адам полигон маңайында тазалық жұмысын ұйымдастырды деп хабарлады Elorda.info Астана қаласы әкімдігінің ресми сайтына сілтеме жасап.

Іс-шара мердігер ұйымдардың, жергілікті белсенділердің, аудандық әкімдік қызметкерлерінің және Қорғаныс министрілігі №68665 әскери бөлімі сарбаздарының белсенді қатысуымен өтті. Сонымен қатар тазалық жұмысына 15 мамандандырылған техника

жұмылдырылды. Бірлескен жұмыс нәтижесінде 500 тоннадан астам қоқыс шығарылды.

Ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық кәрізі, көшелерді, тротуарларды, кварталшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен

аулақтарды тазалау жұмысы жүріп жатыр. Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-ұстау және отырғызу, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарларды орнату, рұқсат етілмеген полигондарды жою жұмысы атқарылды.

## БІР МИЛЛИОН ЖЕЛЕК ЕГІЛЕДІ

Астанада көгалдандыру жұмысы қарқынды жүруде. Әсіресе шеткі аймақтар мен тұрғын алаптарға, Тұран даңғылының батысындағы аудан, Мыңжылдық аллеясы және тағы басқа орындарға ерекше назар аударылуда.

Қаламызға 1,1 млн жасыл желек отырғызу жоспарланған. Ал көгалдандыруға 2024 жылы 40 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Мемлекет басшысының қаланы көгалдандыру жөніндегі тапсырмасы аясында елорданы 5 жыл ішінде «жасыл қалаға» айналдыру және 3 жыл ішінде отырғызылатын көпжылдық өсімдіктердің

үлесін 50 пайызға дейін жеткізу көзделген. Бұл нәтижеге жету үшін ауқымды, сапалы көгалдандыру жөніндегі нақты шешімдер қолға алынды.

Жалпы Астананы көгалдандыруда бірнеше мақсат көзделген. Біріншіден, ыңғайлы және функционалды қоғамдық кеңістіктер құру арқылы қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту. Екіншіден,

қоғамдық кеңістіктерді дамытуды және жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге жағдай жасауды қоса алғанда, қалалық инфрақұрылымның қолжетімділігі мен ыңғайлылығын арттыру. Үшіншіден, жасыл аймақтарды, скверлерді, саябақтарды құруды, көше кеңістігін көгалдандыруды қоса алғанда, қала экологиясын дамыту.

## ЕҢБЕК ЖАСАҚТАРЫ ІСКЕ КІРІСТІ

Биыл елорда бойынша көпбалалы және әлеуметтік осал топ отбасынан шыққан 200-ге жуық жас жұмыспен қамтылды. Олар қаламыздағы Президент саябағы, Студенттік саябақ және Триатлон паркінде көгалдандыру жұмысымен айналысуда.

«Жасыл ел» жасағы жыл сайын елордамызды көркейтуде өз үлесін қосып келеді. Жазғы демалыста еңбек етіп, адал ақша тапқысы келетін 14 жасқа толған мектеп оқушылары мен елордалық колледж студенттері ағаш егіп, шөп жұлып, қоршаған ортаның тазалығына атсалысады.

– «Жасыл ел» еңбек жасағы мемлекеттік бағдарламаны іске асыру арқылы жастар

ды маусымдық жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, қаламызды көгалдандырып, жастарды патриот болуға тәрбиелейді. Жұмысқа өз еркімен және ата-анасының келісімін алған қала мектептерінің оқушылары мен студенттері жиналды. Олар үшке бөлініп, елордамыздың көркеюіне, қоршаған ортаны жақсартуға көмектесуде. Атқарған жұмысы үшін бір

реттік айлық алады. Басқа да балалардың жобаға қатысуын қамтамасыз ету үшін мұндай жұмысқа оқушы бір рет қана тартылады. Құрбан айт мерекесіне орай «Жасыл ел» сарбаздары қала әкімдігінің өтінішімен көмек ретінде таратылатын азық-түлік қораптарын жинастыруға көмектесті» дейді «Жасыл ел» жасағының кураторы Ботагөз Үсіпбек.

## ТӘРТІП ПЕН ТАЗАЛЫҚ ҮЛГІСІ

Бас қалада «Таза Қазақстан. Астана – тәртіп пен тазалықтың үлгісі» ауқымды экоакциясы аясында мектеп оқушылары арасында іс-шара өтті.



Астана қаласының Білім басқармасы ұйымдастырған акцияға елордалық мектеп оқушылары қатысты. Олар ұсынған еркін тақырып бойынша қолөнер немесе аппликация арқылы ағаштың суретін салып, өз жұмысын таныстырды.

«Іс-шараға елорданың барлық мектебінде ұйымдастырылған мектепшілік жазғы лагерге қатысып жатқан балалар жұмылдырылды. Әсіресе

1-2-сынып оқушыларының белсенділігі жоғары болды. Тақырыпты ашуда балаларға еркіндік бердік. Олардың бірқатары ағаш отырғызып, бізге фото-видеосын жіберсе, кейбіреулері түрлі түсті қағаздан, пластиктен, ермексаздан тал-терек жасап, өз идеясына қанат бітірді. Қатысқан оқушылардың жұмысын қарап, саралап шықтық. Атап айтатын болсақ, №96 мектеп-гимназия оқушыла-

рының жұмысы көпшілікті тәнті етті. Іс-шараға, негізінен, 1-2-сынып оқушылары қатысқандықтан, олардың барлығын басқарма атынан сертификатпен марапаттадық. Ал ең жақсы жұмыстар әр мектептің өз көрмесіне қойылады» деді Астана қаласы әкімдігінің Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығы директорының міндетін атқарушы Асылан Кенжеғалиев.

**Ж**ұрт сенімі неге төмен, билік неге тоңмойын? Ойланп көрдіңіз бе? Мұның сыры белгілі дейді көп адам. Оның сыры билікте жемқорлар көп, әділдік жоқ, соның салдарынан халық тұрмысы нашарлап, наразылық туындайды дейді. Бірақ бұл тұжырымның жауыр болғаны да шындық. Себебі бәрі айтады, бірақ еш нәтиже жоқ. Өндірістің, өнеркәсіптің, ауылшаруашылығының, ғылымның қай саласына қарасаңыз да ақсап жатқан бір дүние. Сонда не істеу керек? Ол үшін біз Әділетті Қазақстанның шын мәнінде жүзеге асуы үшін көзбояушылыққа, жалғандыққа, әділетсіздікке қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Міне, енді Жаңа Қазақстандағы елді ойландыратын мәселе осы болса керек.

Алайда оны жүзеге асыратын кімдер? Ондай адам бар ма? Бар болса осы уақытқа дейін нәліктен еліміз бұл кеселден құтыла алмайды? Кінә өткен отыз жылдағы жүйе жүргендігі ғана ма? Олай болса, жүйедегі жемқорлықты жою мүмкін еместігі дәлелденді. Және оны тоқтату мүмкін емес болғандықтан, қорқыту мен үркіту де анау айтқандай, нәтиже берер емес. Бар болғаны сақтандыруға жол ашты. Бұл айналып өтудің неше түрлі амал-айдаларын тудырды. Бастан бастау алған жемқорлық сала-саланы қуалап, оның салдары төменнен де жүргендіктің белең алуына дем берді. Адам денесін ауру тұтастай жаулағанда, қайран жүрек лүпілін тоқтататыны белгілі. Сонда байқасаңыз, тек жемқорлық емес, барлық саланы аяқтан шалатын кесірлі кеселдерден түгел арымдаса, күресуден не қайыр қалмақ? Ілбін іріп жүре беруді ғана көтүеміз бе? Сондықтан көзбояушылықты, жемқорлықты, әділетсіздікті, көре алмаушылықты, алаяқтықты, арамдықты тудыратын бұл кеселдердің бастау көзі бар. Міне, осы себеппен күресті ойлайтын уақыт келді дейміз.

Ал ол себеп не, яғни жемқорлықты тудыра беретін не? Ол – екіжүзділік. Кезінде мажар ақыны Петёфи Шандор: «Екіжүзділік қиын кәсіп емес, кез келген теріс пиғылды адам оған оңтайлы» деген екен. Соған қарағанда, екіжүзділіктің кәсіп ретінде қолданылуына қарсы адам аз секілді. Тіпті кейбір жағдайда қайсыбір басшылықтың іс-әрекеті талайдың тағдырын тәлкек еткенде де оның соншалықты қауіптілігіне көпшілік ден бере қоймады. Өйткені екіжүзділікті ажырату қиын. Кімнің екіжүзді кейіпке енгенін тосың адам байқай алмайды. Бәрінен бұрын бұл кәсіпті өзінің жеке бас мүддесін ғана ойлап, жоғары жақтың «сенімін» ақтау үшін қолданатын теріс қаракетіне аздап бұзушылық қаракет орын алғанын дәлелдеу де оңай емес. Соның салдарынан «ептеп-септеп» пара алып өріп жүрген жандардың аз, көптігін шамалау да қиын. Тек көңілге түйер бір медет – қолды болып жатқан қаржының қайтарылуы. Қазіргі күні қазынаға қайтарылған қаржы – 1,02 триллион. Аз емес. Алайда оның босаған орны толмасына кім кепіл, себебі екіжүзділікті емдейтін ем жоқ.

Енді ойлап қараңыз, осы екіжүзділіктің жамаң одет екенін екінші бірі біледі. Білмейтін адам жоқ. Екіжүзділік

# АДАМҒА АДАЛДЫҚ, ҚОҒАМҒА ҚОЗҒАЛЫС КЕРЕК



Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: «Көзбояушылықты доғару қажет. Осындай жағымсыз үдерістердің кесірінен жұрттың реформаға және Әділетті Қазақстанға деген сенімі азаяды» деді. Мұны Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында қадап айтты. Бекер айтқан жоқ, өйткені мұндай жағдайлар кездеседі. Сенімге селкеу түсетіні жалған ұрандардан, көзбояушылықтан дейміз. Ендеше оған тікелей кінәлі кімдер?

тамыр-таныстыққа, жемқорлыққа, арамдыққа, әділетсіздікке, әйтеуір, адамдардың адал өмір сүруі үшін кесірін тигізетін небір кесапатты туғызады. Өйткені ол қоғамды етектен тартатын, халықты жиіркендіретін лас істердің жүзеге асуына жол бастайды. Әрине, мұны білмейтін адам жоқ шығар. Бірақ бар мәселе осы біліп қояда ғана ма дейміз. Олай дейтіміз, екіжүзділіктің төркіні адамның ниетіне тіреледі. Ел үшін қызмет етуге ниеті жоқ адам өз мүддесін ғана көздейді, ал өз мүддесін көздеген адамға екіжүзділік таптырмас кәсіп. Сондықтан оны жою мүмкін емесі керінеді. Себебі қолына билік тиген адам екіжүзділік қылық қолданбаса ұтылардай, сөйтіп, мұратына жете алмастай аласұрады. Міне, жемқорлар екіжүзділікті көзбояушылық үшін де, арбау үшін де, сөйтіп дегеніне жету үшін керек ететінін жұрттың бәрі білсе де, оның әшкерелуіне мән бермейді. Оң ниет жоқ. Неге?

Оның себебі тереңде. Жалпы қолында билігі бар адам екіжүзділікке салынса, оның қаракетінің біліне қоюы екіталай дедік. Тіпті оның негізгі ісі билік нұсқауымен сай атқарылатын болса, өз мүддесін жүзеге асыру үшін қолданатын теріс қаракетінің салдары қаперге де алынбайды. Мұндайға көз жұма қарау кімге керек? Әрине, ешкімге де керек емес. Алайда бар мәселе екіжүзділік амалға салынған басшының қу кәсібін дер кезінде ешкім аңғара алмауында болып тұр. Жемқорлықтың бастау алатын қайнар көзі осы кезең дейміз. Ондай адамға мемлекеттің мүддесі жамылғы ғана. Екіжүзділік сол үшін де керек. Сонда екіжүзді емес жан жоқ дерсіз. Бар. Ұлт мүддесі біріктірген күрескерлер аз емес. Кезінде алаш арыстары елдің қамы үшін, халықтың мүддесі үшін бас кетпек болса да тура жолдан тайған жоқ. Азаптал-

ды, атылды, асылды, бірақ ел үшін, жер үшін екіжүзділікке бармады, сатылмады. Оған мысалды көзге келтіруге болады. Сонау қылышынан қаны тамып тұрған Кеңес өкіметінің кезінде ел мүддесі үшін арын да, азаматтығын да сатпаған Жұмабек Тәшеневтің ерлігін ешкім жоққа шығара алмас. Тәшеневтің қолында да билік болды, бірақ ол жамбасыма жағады деп жайлы орынтағынан айрылып қалам деп ел мүддесін сатқан жоқ. Екіжүзді болған жоқ, турасын бетке айтып, сөзден ұлты үшін ұлы іске көшті. Соның арқасында кең-байтақ жеріміз сақталып қалды. Жұмабек Тәшенев секілді қазақтың қайсар азаматтары баршылық. Олардың ерліктеріне тамсанып қараймыз, мақтанып айтамыз. Алайда сыныптай сырғып, екіжүзді көзбояушылық әрекеттерімен елдің әл-ауқатын шашып, берекетін қашырып, бар байлығын жалмауды ғана көздейтін қазіргі жалған мемлекетшіл жандар туралы не дейміз?

Бүгінде елдік, мемлекеттік, халықтық жағдайды ойлау, уайымдау, ізгілікті жүзеге асыру амалы түгел, билік жымсысқан амалмен қол жеткізген екіжүзді бір ғана адам талайдың талабын тасқа ұрындырады. Бұған нақты мысал жетіп артылады. «Бірде-бір басшының «жоғары жақтың мақсатын» жүзеге асыру деген жалған жамылғы әрекетінің нәтижесінде ұйып отырған ұжымдағы сандаған маман сандалыса түсті» дейді Әбілқайыр атты ашынған азамат. «Нақты түсін түстеп, атын атамай-ақ қолялық, ол ұжымға басшы болып келгенде мұнда зейнет жасына таяп қалған мамандар едәуір болатын. Ал жаңадан келген басшы қырықтың қырқасына шыққан жігіт ағасы еді. Бірақ оның мақсаты бұл жерде ел мүддесі үшін басшылық жасап, мекеменің қызметін алға ба-стыру, жұртқа пайда келтіру емес, керісінше қоғамға оң

өзгеріс екеме алатын тәжірибелі мамандардың тірегін шайқалту болды».

Байырғы мамандар кімнің кім екенін біліп қана қоймай, олардың сол халықтың, мемлекеттің бар қазынасын жемқорлықпен жымқырғандардың әрекеттерін әшкерелеуге қыла алатын мүмкіндіктері болатын. Оларды бұл мүмкіндік көзінен айыру тек қызметтен босату ғана емес, аталған

бауды да, ұйып отырған ұжымды да іштен ірітетін жанның жүргені де қажет пе деп ойлайсыз. Ондай жандар, жоғарыда айтқанымыздай, екіжүзділіктің шапанын жамылып қана қойғандар емес, оны кәсіп еткендер. Екіжүзділік бұрын да болған және ол тек жеке адамдар арасындағы күрес болатын. Алайда екіжүзділік, көзбояушылық ел қамын ғана ойлайтын адал адам көпті-

**ДЕМЕК МЕЙІРІМДІ, АДАЛ, ӘДІЛ АДАМ ТЕК ЖАҚСЫЛЫҚ ҚАНА ОЙЛАЙДЫ ЖӘНЕ СОНЫ ІЗДЕЙДІ, АЛ ЖАН ДҮНИЕСІН ЕКІЖҮЗДІЛІК, АРАМДЫҚПЕН БЫЛҒАҒАН АДАМ ЗҰЛЫМДЫҚТЫ ҒАНА ІЗДЕЙДІ. ӨЙТКЕНІ ЖЕКЕ БАС МҮДДЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ОНЫҢ БІЛЕТІНІ СОЛ**

қызметті екіжүзділерге, көзбояушыларға, жемқорларға қарсы мінберге пайдалана алмайтын күйге жеткізу қажет болған көрінеді. Ол үшін, жоғарыда зардап шегуші Әбілқайыр айтқандай, бұл білетін басшы-сымақ айналдырып айтқанынан шықпайтын жандарды жиып, «өз мұратына ғана» жету жолындағы айбарлы қаракетіне кіріскен. Сөйтіп оның қолында екі жол тұрыпты: бірі – ұжымды өзінің іскерлігіне сай сонынан бір кісідей ертіп, жұмыс істету, екіншісі – «қайта құрып», өз жоспарына сай әрекет ету. Бірақ бұл мекеменің атқаратын ісі, яғни мамандығы жаңа басшының мұрнына иісі де бармайтын еді дейді. Сондықтан солақай қулық іске араласып, ол екінші жолды таңдады. Әрине, осындайда «шымшық сойса да қасапшы сойсын» дегендей, әр істің өз маманы бар ғой дерсіз.

Алайда біздің қоғам үшін тынық көлді де, жайқалған

дағы билік күшімен бұрынғы кадрларды қызметтен босату басталды. Бірқатарын «күштінің арты диірмен тартады» дегендей, тезге салып тез тізе бүктірді. Оның ең басты көздегені – өзінен озық шығармау еді. Қалайда сол басымдыққа жетуге күш салды. Бірақ бұл мекемеде оған анау айтқандай, ешкім қарсылық танытпады. Арадағы құқық қорғау саласының маманы оның қаракеті адамгершілікке жатпайтындығын, ізгілікке қастандық екенін бетіне айтқаны үшін бұл мекемеде бұрын-соңды болып көрмеген «тәртіптік кеңес» дегеннің талқысына түсті. Ұжымдағы біреу оның теріс пиғылды мақсатын ашар болса, сол мезетте жауға айналды. Оның сөзінің дәлелі болсын, болмасын, өзінен артық білетіндігі үшін және оны жасырмай ашық айта алатындығы үшін қысымға алынды. Бір сөзбен айтқанда, оның істеген ісі туралы оң пікір білдірмесеңіз – жаусыз» дейді Әбілқайыр. Нәліктен? Ол сонда қандай адам болғаны?

Оған Шығыстың мына бір мысалы дөп жауап береді. «Бірде көпті көрген бір қариядан сұраған ғой: – Нәліктен кейбіреулер адал, әділ, арлы, ал енді біреулер өте залым және мейірімсіз, қатыгез болып келеді? Сонда көпті көрген қария бір күрсініп алып: – Мен өз тәжірибемнен байқағанымдай, бұл өмірде адамның екі түрі болады. Олардың бірі – кәдімгі шыбынға ұқсас жандар. Ал шыбын қашанда сасық иісті іздейді. Тіпті гүлзарда алқызыл гүлдер жайқала өсіп тұрып, бірақ оның арасында бір жануар нәжісі жатса, әлгі шыбын міндетті түрде соған барып қонады. Ал егер сонда сіз шыбыннан раушан гүлі қайда өседі деп сұрасаңыз, ол жауап қайтара алмайды, өйткені шыбын оның не екенін білмейді. Ал бірақ ол кір, нәжіс, сасық лас қайда бар екенін айтып береді. Өйткені оның білетіні сол. Міне, адамдардың да бірі осы шыбын секілді өзінің арамза көксеміне қалайда қол жеткізуді біледі. Оның өресі сол. Және маңайына да сондайларды жияды.

Ал адамдардың екінші түрі бал жинайтын араға ұқсайды. Олар әдемілікті, тәттілікті тез табады. Егер әлгі жоғарыда айтылған гүлзарға тек нәжісті толтырып қойып, бірақ арасында бір гүл қалдырса, әлгі ара ол гүлді таппай, ешқайда қонбайды.

Демек мейірімді, адал, әділ адам тек жақсылық қана ойлайды және соны іздейді, ал жан дүниесін екіжүзділік, арамдықпен былғаған адам зұлымдықты ғана іздейді. Өйткені жеке бас мүддесін жүзеге асыру үшін оның білетіні сол. Міне, көрдіңіз бе, екіжүзді адамның арамза ниеті осылайша білінеді. Тіпті екіжүзділер туралы Құранда да: «Екіжүзділердің жүректеріне дерт кірген. Ол дерт адам денесіндегі болатын кәдімгі жарақат емес. Ол дерт – рухани ауру» деп көрсетілген.

Ендеше екіжүзділіктен емделетін уақыт келді. Ол үшін адамға аздаған адалдық, қоғамға байыпты қозғалыс керек-ақ. Сонда бәріміз де Мемлекет басшысының айтқанына ұйып, Әділетті Қазақстанның іргесін берік қаларымыз сөзсіз.

**Сәрсенбай  
ТАСБОЛАТОВ,  
Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері**

№72 (4660) 18/06/2024 Сейсенбі

Шапағат  
ӘБДІР

**К**өшпелі Орталық Азия халықтарының ұлттық ойындарына негізделген этникалық спорт түрлерінен өтетін халықаралық спорт жарысын біз жалпылама түрде Дүниежүзілік көшпенділер ойындары деп атаймыз. Бұл, негізінен, этноспортты және этномәдени қозғалысты дамытуға бағытталған жарыс түрі.

«Тойдың болғанынан болады қызық» демекші, айтулы дода жақындаған сайын ақылдасу отырыстары жиілей түсті. Өткен бейсенбіде аталған жарысты өткізу үшін құрылған штабта Қазақстан Республикасы Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарымен кездесу өтті. Алқалы жиында депутаттар алдағы жарысқа деген дайындық мәселесін қарап, жауапты адамдардың алдын ала есебін пысықтады. Жиынды ҚР Парламенті Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Елнұр Бейсенбаев жүргізіп, жарыс түркі жұрты үшін олимпиадалық мәртебеге ие екенін атап өтті. Ал ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев тойға дайындық қызу жүріп жатқанын, қазірге дейін 89 мемлекет ресми түрде тіркелгенін мәлім етті. Сондай-ақ V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі дирекция басшысы Наиль Нуоров кейбір шетелдік демонстрациялық спорт түрлері бағдарламаларын алынып тасталғанын және бәсекелес спорт түрлерінде салмақ санаттары қысқартылғанын айтты. Сонымен қатар ол аталған ойындарға қаржы тұрғысынан қамқорлық көрсету үшін ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері және бас демеушісі ретінде отандық қаржы секторының көшбасшысы – «Халық банкімен» ресми түрде ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғанын растады. Мәжіліс депутаты Ринат Зайытов болса бұл ойынның жарнамасына көңілі толмайтынын және «этно-ауыл» деген сөздің орнын қазақтың тарихи атауларына ауыстыруды өтінді. Мысалы, Сақ ауылы, Ғұн жұрты немесе Қазақ ауылы деп атасақ жөн болар еді деп өзінің басқа да ұсыныстарын ортаға салды.

#### ҚАНША СПОРТШЫ ҚАТЫСПАҚ?

Шын мәнінде, күллі түркінің қара шаңырағы болған Қазақ мемлекетінде мұндай ұланасыр тойдың абыроймен өтері – бәрімізге ортақ мақтаныш. Алғаш рет бұл жарыс 2014 жылы Қырғызстанның Чолпон-Ата қаласында ұйымдастырылып, оған 19 елден 10 спорт түрі бойынша 583 спортшы қатысқан болатын. Екінші рет 2016 жылы 62 елден 26 спорт түрі бойынша 1200 спортшы қатысып, ауқымы кеңейген ойынға 2018 жылы 82 елден 37 спорт түрінен 2000-ға жуық спортшы қатысқан. Бұл үшеуі де Қырғызстанда өтті. Ал 4-рет 2022 жылы Түркияның Изник қаласында өтіп, оған 13 спорт түрінен 3000 спортшы бақ сынап, 102 ел қатысқан. Ал V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары 8-13 қыркүйек аралығында Астана қаласында өтеді. Оған 100-ге жуық мемлекеттен 2000-нан аса спортшы қатысады деп күтілуде. Астана додалы жарыс кезінде 100 мыңнан астам турист қабылдауға дайын отыр.

#### ҚАЙ ЖЕРДЕ ҚАНДАЙ ОЙЫНДАР ӨТПЕК?

Ойындардың бағдарламасы спорт, мәдениет, ғылым сынды негізгі үш саланы қамтиды. Онда ат спорты, ұлттық күрес, садақ ату, интеллектуалды ойындар, саятшылық сияқты басқа да ұлттық ойындардың 21 түрінен жарыс ұйымдастырылмақ. Сонымен қатар жарыстар әр жерде болады. Атағы алты алашқа жетіп, алпыс жұрттың құлағын елендеткен спорт жарысын өткізуге арнайы 6 орын бөлінген. Мысалы, «Қазанат» ипподромы мен оның маңында орналасатын «Көшпенділер әлемі» этноауылында бәйге, көкпар, саятшылық пен садақ ату жарысы болса, Жақсылық Үшкөпиров атындағы жекпе-жек сарайы мен «Алау» мұз айдынында ұлттық күрес түрлерінен, «Думан» қонақүй кешенінде интеллектуалды ойындар сайысы өтеді. Жарыстың ашылу салтанаты «Астана Арена» стадионында, жабылуы «Қазанат» ипподромында өтеді деп жоспарланған. Қазіргі таңда «Астана Арена» мен «Алау» мұз айдыны сарайында, «Қазанат» ипподромында қайта жөндеу жұмысы қызу жүріп жатыр. Толық іске қосылғанда ипподром 10 мың көрерменді қабылдауға қауқарлы.

Атағы дүниені дүбірлеткен V кезекті көшпенділер ойынының ұраны «Ұлы дала дүбірі» деп аталмақ. Сонымен қатар ойын қарсаңында бірнеше жоба іске асады.

– Көшпенділер ойындарының идеясын толық ашу үшін еліміздің барлық аймағында «Бірлік керуені» жобасы жүзеге асады. Сондай-ақ «Қазанат» ипподромының аумағындағы ойындар ашылады. Онда апта бойы Қазақстан мен әлем елдерінің үздік қолөнер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесі, шеберлік сабақтары өтеді. Ойын қарсаңында ақындар айтысы мен төл мәдениетімізді паш ететін басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады. Этноауылды бір күнде 30 мың адамның аралауына жағдай жасалады. Сонымен қатар Ұлттық музейде халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді. Онда көшпелі халықтар өрке-

ниетінің адамзат тарихындағы маңызы мен мұрасы зерттеліп, ғылыми баға беріледі, – дейді V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындалу және өткізу жөніндегі дирекция басшысының орынбасары Мұратбек Қыпшақбаев.

#### ЛОГОТИПТІҢ МӘНІ

Мұратбек Сұлтанбекұлы V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының айбары мен атын әлемге паш етіп тұратын логотип белгісінің мағынасына тоқталды. – Дөңгелек пішінді логотипте күн шабандозының фигурасы бейнеленген. Бұл

белгі Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізуші елдердің барлығында қолданылып келеді. Жалпы пішінінің сұлбасы көшпелілердің тұрмыстағы бұйымдарының сәндік элементтерін еске түсіреді. Логотип қою қызыл түспен боялған. Бұл ақық тастың түсі қан мен отты, жұрек пен күнді еске салады әрі адам бойына қуат береді деген сенім бар. Ақық таспен ежелде қамшы, белбеу іспетті ерлер бұйымдары әрленген. Сарғыштау келетін ашық түсінен әйелдер әшекейі әзірленген. Лого шрифті VIII-X ғасырлардағы түркі руналары жазуынан алынған, – дейді ол.

**V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ 8-13 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНДА АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ӨТЕДІ. ОҒАН 100-ГЕ ЖУЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕН 2000-НАН АСА СПОРТШЫ ҚАТЫСАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ. АСТАНА ДОДАЛЫ ЖАРЫС КЕЗІНДЕ 100 МЫҢНАН АСТАМ ТУРИСТ ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫН ОТЫР**



Қазақ елі өзінің тәуелсіздігін алғаннан бері әлемдік деңгейде бір-ақ рет дүбірлі той берді деуге болады. Ол – ЭКСПО-2017. Енді, міне, төбел бие сойдырып төменгі елді, жорға бие сойдырып жоғарғы елді шақырып Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізбекші.



## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ: ДҮБІРЛІ ДОДА

Жарысты өткізуге дайындық жұмысы қызу жүріп жатқанын айтқан М.Қыпшақбаев қазіргі таңда ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының бастамасымен, ҚР Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен спортшылар мен жылқыларды сапалы даярлау үшін екі кешенді ғалым топ құрылып, олардың бірі атбегілікпен, екіншісі ұлттық спорт түрлерінің спортшыларын даярлаумен айналысып жатқанын атап өтті. Қазіргі таңда кешенді ғалым топтар көкпар, теңге ілу, аударыспақ, жамбы ату, дәстүрлі садақ ату спортшыларының құрама командаларымен тығыз жұмыс істеуде. Олар Олимпиадалық даярлау орталығының базасында 3 ай бойы спортшылар мен жылқыларға тексеру жүргізеді.

#### ТІРКЕУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСПАҚ?

Биылғы көшпенділер ойынының бір артықшылығы тек қана көшпенді халықтар ғана емес, әлемнің басқа да елдерінен спортшылар қатысады деп

күтілуде. Жетімі жеті жұртқа айналған, жеті жұрты жетпіс ұлтқа айналған қазақ жерінде жеті күн бойы өтетін бұл жарыстың спорт бағдарламасына қатысу үшін өтінімдер 2024 жылдың 15 шілдесіне дейін берілуі керек. Ал Мәдени және ғылыми бағдарламаларға, сондай-ақ көрнекі спорт бағдарламасына қатысуға өтінімдер 2023 жылдың 1 желтоқсанына дейін қабылданды. Журналистер worldnomadgames.kz сайты арқылы аккредитациядан өте алады. Көрермендер билеттерді ресми билет операторының zakazbiletov.kz сайтынан сатып ала алады.

#### БИЛЕТ ҚАЛАЙ САТЫЛАДЫ?

Қазіргі уақытта қазақ күресі, алыш, корэш, дәстүрлі садақ ату, асық ату, ордо, мас-рестлинг, кураш, арқан тартыс, ашыртмалы аба гюреши жарыстарына билеттер қолжетімді. Билет бағасы таңдалған жарысқа байланысты 600-ден 25000 теңгеге дейін барады. Сондай-ақ мектеп тарифі мен зейнетақы тарифі бойынша билеттерді 50 пайыз жеңілдікпен кассадан сатып алуға болады. Ал жарысқа 0-5 жастағы балалар (орын ұсынусыз) мен I, II топтағы мүгедектер кассаларда тиісті құжатын көрсеткен кезде тегін қатыса алады. Тағы бір ескеретін жағдай, ашылу рәсіміне, көкпар, көк бөрі, бәйге, жамбы ату, теңге ілу, аударыспақ, құсбегілік, powerful nomad билеттері тамыз айында қолжетімді болады. Сонымен қатар тоғызқұмалақ, мангала, овари сияқты дәстүрлі зияткерлік ойындар көрерменсіз өтеді. Осыған байланысты бұл спорт түрлеріне билет сату қарастырылмаған. Алыстан ат арытып келген қонақтар күтіп алу үшін Астана 2024 ДКО инфрақұрылымына кіретін спорт нысандарына жақын орналасқан 23-ке жуық қонақүй дайын отыр. Ал тойға келетін шетел азаматтары Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттерден жолаушылар тасымалдайтын авиақатынасы арқылы авиарейстермен қосымша құжат рәсімдемей-ақ келе алады. Қазақстанға шекаралас мемлекеттердің азаматтары (Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы және Қырғыз Республикасы) құрлықтағы өткізу бекеттері арқылы қосымша негіздер көрсетпей-ақ кіре алады. Сондай-ақ Қазақстанға визасыз келе алатын басқа мемлекеттердің азаматтары 30 тәуліктен аспайтын уақыт, бірақ 180 тәулік ішінде ең көп дегенде 90 тәулік бола алады. Бұл ереже Қазақстан Республикасына виза бойынша келгендерге және елде уақытша тұруға рұқсат алған немесе тұруға ықтиярхат алғандарға қолданылмайды.

Жарыс ресми түрде басталғаннан кейін бірінші кезекте қатысушы елдердің командалары алфавиттік тәртіп бойынша салтанаттық маршпен жүріп өтеді. Содан кейін ашылу рәсімінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының туы көтеріліп, ҚР Мемлекеттік әнұраны және Дүниежүзілік көшпенділер әнұраны айбынды түрде орындалады. Ойындардың ашылу салтанатына Мемлекет басшысы қатысып, сөз сөйлейді. Жабылу рәсімі «Қазанат» орталық ипподромында көкпардың финалды ойынынан кейін өтеді.

Жалпы дүниежүзілік көшпенділер ойындары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне кіргеннен кейін әлемдік мәртебеге ие болып, Еуразия кеңістігін ғана емес, басқа да елдерді қамтып, кең аудиторияның назарын өзіне аударуда.



# КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫН ТАРАЗЫЛАДЫ

Астанадағы Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейінде қазақтың біртуар азаматы, көрнекті мемлекет қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР ҒА корреспондент мүшесі, Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) академигі Кәрім Мыңбаевтың қоғамдық-саяси және ғылыми қызметіне арналған «Кәрім Мыңбаев: мұра және тағылым» атты конференция өтті.

Айгүл  
УАИС

Жиын барысында Жабай Қалиев пен Сейітқали Дүйсеннің «Кәрім Мыңбаев» кітабының салтанатты таныстырылымы және Кәрім Мыңбаев атындағы мұражай-кабинетінің тұсаукесер рәсімі өтті. Сонымен қатар конференция қонақтарына мектепте ашылған жаратылыстану пәндерінің мектеп зертханасы таныстырылды. Зертханада ұстаздар оқушыларға шағын ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуді үйретіп, болашақ жастарды Кәрім Мыңбаевтай үлкен ғалым болуға баулиды.

Маңдайға жазылған 42 жыл ғана ғұмырында қазақ ауыл шаруашылығы ғылымының сағасында болып, қыруар іс тындырып кеткен Кәрім Мыңбаев кезінде 5 ғылым докторын, 40 ғылым кандидатын дайындаған. Бетпақ даланы берекелі жерге айналдырмақ арманына қол жеткізе алмаған ғалым, негізінен,

өсімдіктер генетикасы мен селекциясына арналған 200-ден астам ғылыми еңбек жазып қалдырған. Ол жөнінде тұлғатанушы ғалым Сейітқали Дүйсен баяндады.

К.Мыңбаевтың негізгі ғылыми еңбектері өсімдіктер генетикасы мен селекциясына арналған. Көксағыздың биологиялық ерекшеліктерін зерттеп, оны сұрыптау әдісін тапты. Дәнді дақылдар, оның ішінде бидайдың өнімін арттыру үшін оны тек суармалы жерлерде ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік, Шығыс Қазақстан облыстарының жерлерінде де егуге болатынын дәлелдеді. Ол – Қазақстанда қант қызылшасы мен кендірді биология-селекция жағынан ғылыми тұрғыда сипаттаған алғашқы ғалым. Республикада мал басын арттыру жолында жайылымдық жерлерді көбейту үшін зерттеу жүргізді. Кәрім Мыңбаев өзінің ғылыми қызметіне кіріскен шақта елде химиялық жолмен синтетикалық каучук алу онша дамымаған еді. Резина жасаудың негізгі шикізаты санала-

тын көксағыз өсімдігін зерттеп, оның ғылымға беймәлім сырларын ашуға ұмтылды.

Ғалымның бұл күнде АҚШ-та тұратын, 1939 жылы туған, Ленинград политехника институтының түлегі, өз саласында кандидаттық, докторлық диссертация қорғап,

әке жолын қуған ұлы Джафар Кәрімұлы видео арқылы байланысқа шығып, жиналған қауымға ықыласын білдірді.

Басқосуға арнайы келген Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Мыңбаев ауылының Кәрім Мыңбаев атындағы орта мектеп, Қарағанды облысы Нұра ауданының Мыңбай ауылындағы Кәрім Мыңбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебінің өкілдері, ҚР Парламенті Мәжілісінің, Мемлекет тарихы институтының, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Қазақ агротехникалық зерт-

теу университетінің ғалымдары елде болып жатқан жаңалықтармен бөлісіп, ғалым есімін ұлықтаудағы игі істерімен таныстырды.

Кәрім Мыңбайұлының немере інісі, журналист Нұрхан Мыңбай қазақ ғылымына ауыр соққы болып тиген 1948 жылы 30 қыркүйекте болған әуе апаты туралы естелігін айтты. Алматыдан шыққан ұшақ Балқаш қаласынан жанармай құйып, әуеге көтерілген соң 15 минуттан кейін жарылып кетеді. Ұшақтың ішінде Мәскеуге, Сталин қолдан жасаған академик Т.Лысенко-



ның 50 жасқа толған тойына шақырылған Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылымының бетке шығатын тұлғалары – академик Кәрім Мыңбаев бастаған ғалымдар Қылыш Бабаев, Сапар Нұғыманов, Хасен Наурызбаев, Федор Солодников бар еді. Қазақ ғылымының бетке ұстар бүтіндей бір буыны қыршыннан қиылған еді.

Осы күндері ғалым есімін ұлықтауда үлкен жұмыс атқарылды. Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицей директоры Алма Жұмабекова Кәрім Мыңбаевтың өмір жолын зерттеп, насихаттап жүрген тұлғалар мен қоғам қайраткерлеріне «Кәрім Мыңбаев» төсбелгісін салтанатты түрде табыстады. Қалалық Ботаникалық саябақта «Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицей түлектерінің аллесаы» ашылып, балалар көшет отырғызып, тақта орнатты. Іс-шара Құрбан айт мерекесі қарсаңында өткендіктен, қазақы дәстүр бойынша шек беріліп, рухына бағышталып құран оқылды.



## ТУҒАН ҮЙДІ ТАСТАУ ТРАГЕДИЯСЫ

Халқымызда «Туған үйдің түтіні де ыстық» деген сөз бар. Осыған ұқсас «Туған үйдің түтіні жылы, Туған ананың күтімі жылы» деген мақалды да реті келгенде қолданып жатамыз. Қазақ поэзиясында туған үй туралы біраз өлең де кездеседі. Соның ішінде үш шығарманың бізге әсері ерекше. Бұл – көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулеттің «Туған үй туралы баллада» өлеңі, талантты ақын Алмас Темірбайдың «Біздің ескі үй» және ақын, ғалым Ерболат Баятұлының «Мен өскен ағаш үй» атты жырлары.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Ауылда туып өскен, есейгенде арман қуып қалаға аттанған, ақыры шаһарда тұрақтап қалған қазақ баласын алтын бесік – ауыл, туған жер мәселелері толғантпай қоймайды. Қазақтың ауылдан қалаға көші кешегі қиын-қыстау 90-жылдары басталып, әлі де толастамай келе жатыр. Бүгіндері елімізде ауыл тұрғындарына қарағанда қала халқының саны басым. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, осы жылдың 1 мамырына дейін ел тұрғындарының саны 20118478 адамға жеткен. Соның ішінде қала халқының саны – 12533471, ауыл тұрғындары 7585007 адамды құрайды.

Сатып алатын адам болмаған соң, ауылдағы талай үй қаңырап қалып жатыр. Жоғарыда аттары аталған үш ақынның жырларында туған үйді тастау трагедиясы бейнеленген. Бұл – біздің де басымыздағы бар жағдай. Жұырда туған ауылымызға жол түсіп, ата-әжем, әке-шешеміздің басына барып, құран оқыған соң, тұрған үйімізді көрейік дедік. Қаңқасы ғана қалған екен. 1996 жылы ауылдан көшкенімізде үйіміз бос қалған еді. Содан әлдебіреулер есік-терезесін, төбесін бұзып алып кетіпті. Саманнан құйылғаннан кейін кірпішін керек қылмаған секілді. Бұл жүректі ауыртатын көрініске тап болған соң, Ұлықбек Есдәулеттің өлең жолдары еріксіз еске түсті. Ақынның әкесі қалаға көшкенде үйін сатпай, Балуан атты ауылдасқа тастап кеткен екен. Соны ол мал қораға айналдырған. Мұны Ұлықбек ақын жыр тілінде былай кестеледі:

...Көшерде әкем қалаға:  
«Тәңір жазса,  
Балуан інім  
Бұл үйге бауыр басса...  
Көзім тірі кезімде кеп тұрам» деп,  
Сатпай кеткен ақшалы  
ауылдасқа.

Сатпады әкем, сыйлады  
туысқанға, –  
«Жарайтұғын інім, деп,  
ту ұстарға».  
...Ата-анамның көзіндегі сол  
құтхана  
Себеп болды туыспен суысқанға...

...Ну ағашын отынға  
қырқып алған,

Бар жемістің түбірі –  
жұрты қалған,  
Гүл бағымыз айналып мал қораға,  
Туған үй тұр қалқып тұрқы  
зордан...

Алмас Темірбайдың «Біздің ескі үй» мен Ерболат Баятұлының «Мен өскен ағаш үй» өлеңдерінің әндері бар. Бұл туындылармен сол әндерді тыңдау арқылы таныстық. Алғашқысының әуенінің авторы – Қанат Қалтай, орындаушысы – Ерлан Мұхамедьяров. Өлеңді толық келтірейік:  
Осы үйде бәріміз өскенбіз,  
Осы үйден ер жетіп кеткенбіз.  
Шаңырағы киелі,  
Шағын ғана үй еді.

Талай жыл өтіпті-ау арада,  
Тарыдай шашылдық қалада.

Ескі үйім-ай, қалыпсың-ау  
қартайып,  
Кәрі шалдай бір жағыңа  
жантайып;  
Еніп тұрмын есіңге еңкейіп,  
Келіп тұрмын қара басым  
қалқайып.

Сенде өткен бақытты балалық,  
Сенде өсіп жан-жаққа тарадық,  
Атам қайда, атам-ау,  
Апам қайда, апам-ау?!  
Ештеңе естімей құлағым,  
Ешкімге көрсетпей жыладым.

Есігі бұзылған ескі үйім,  
Не істейін мен саған, не істейін?!  
Көп екен ғой қатеміз,  
Айтушы еді әкеміз  
«Осы үйге болар деп кім ие?»  
Осы ма опасыз дүние...  
Ерболат Баятұлының «Мен өскен ағаш үй» өлеңіне жазылған әннің авторы да, орындаушысы да – Жәнібек Кәрменовтің соңғы шәкірттерінің

бірі, талантты әнші, актер Құмарбек Қалқатай. Автордың бізге тыңдатқаны болмаса, бұл туынды ән ретінде әлі көпшілікке жете қоймады.

Еріксіз қараймын өткенге,  
Ауылда, анау бір шеткерде.  
Әкемнің қолымен салынған,  
Мен өскен ағаш үй төрт бөлме,  
– деп басталатын өлең 10 шумақтан тұрады. Соңғы шумақтарын ғана жариялайық:

Алаңсыз, амалсыз өтті күн,  
Демеймін тірлікке ептімін.  
Уақыт көшкіні астында,  
Сол үйдің жұрты да жоқ бүгін.

Уақыт осылай көшеді,  
Бар екен оның да есебі.  
Мен өскен ағаш үй төрт бөлме –  
Өткен өмір ғой кешегі.

Домбыра қоңыр үн шерткенде,  
Мақсұтқа, сіз, адам жеткен бе.  
Әкешім, анашым, төрт бөлме –  
Үйеуі дәл қазір жоқ менде...

Жалпы туған үйге деген сағыныш әлем әдебиетінде де кездеседі. Туған үй түгілі, туған елден жырақта өмірі өтіп, жат жерден топырақ бұйырған, орыс қаламгерлері арасында Нобель сыйлығын тұңғыш иеленген Иван Буниннің бір қысқа өлеңін кезінде былай қазақшалаған едік:

Ұясы бар құстың,  
апаны бар аңның,  
Жас жүрегім қайғылы күінде:  
Ауласынан кетіп ата мен  
анамның,  
«Кешір» деп еді туған бұл үйіме.

Апаны бар аңның, ұясы бар  
құстың,  
Жүректің мұңды бір үні шығып:  
Жалдап мен тағы да бөтен  
үйге түстім,  
Ал қолымда тозған түйіншегім.  
Ерболат Баятұлы «Мен өскен ағаш үй» өлеңін былай түйіндейді:  
Қарлығаш жетуші еді көктемде,  
Сағыныш тұтатқан өрт кеуде.  
Өткен күн – көрген тұс сияқты,  
Жаратқан, барымды көп көрме.  
Бізге де шүкір етуден басқа амал жоқ...





Астана – жастар қаласы. Олар елордада танысып, табысып, шаңырақ көтеріп жатады. Осы жылдың алғашқы тоқсанында 3304 жас ерлі-зайыпты атанды. 2023 жылдың жартыжылдығында 6504 жұп некесін қиған екен. Осындай әдемі көрсеткішті ажырасқандардың санымен бұзғымыз келмейді-ақ. Десе де отау құрғандардың үштен бірінен астамы ажырасатыны көңілге қаяу тұспырады. Сол себепті қазақ отбасының түрлі түйінін тарқатуға мәжбүрміз. Оның ішінде ерлі-зайыптылардың шаңырағын шайқалтқан жайттардың себебін де іздедік.

Айгул  
УАИС

**А**жырасу себептерін мамандар анықтап берді. Оның бастысы – жас отбасының ішкі тірлігіне туыстарының араласуы. Әсіресе жаңа түскен келіннің әрбір сөзін, әрекетін, жүріс-тұрысын сынап-мінеу – көбіміз үшін қалыптасқан нәрсе. Онсыз болмайды да. Әулетке түскен келіннің бағыт-бағдарын, жөн-жобасын көрсетумен қатар қателігін түзеткенін еш айыбы жоқ. Алайда бұл жерде артықтау кетіп, ашындырып алып, сыртқы пікірлердің

Осы мерзімде ерлі-зайыптылар, егер олардың әрі қарай бірге өмір сүруі және отбасын сақтау мүмкін еместігіне сенімді болса, некені бұзу туралы сотқа жүгінуге құқылы. «Күту мерзімінің» заңдық мәні мынада: ол аяқталмай тұрып әйелі де, ері де жаңа некеге тұра алмайды. Арада бір-бірінсіз өткен уақыт олардың оңашада ойлануына көп мүмкіндік береді. Содан кейінгі нәрсе бірлі-жарым болмаса, бұқара халықтың тұрмыс салтына ене қоймаған неке туралы келісім-шартты әркімнің еркіне қарай емес, заңмен мәжбүрлеп бекітудің зияны жоқ. Айтатыны жоқ, адам не боларын біл-

әйелдің мысын басушы еді. Бұл – әйел мен еркектің арақатынасының тепе-теңдігін ұстап тұратын табиғи жаратылыс. Қазіргілерден қасиет кетті ме, оны сирек кездестіреміз. Есесіне жұдырық ала жүгіретіндер жетерлік.

**Бекдайыр КҮЗЕМБАЙ,**  
**Астана қаласы әкелер қауымдастығының төрағасы:**

– Жеке ойым, ажырату тәртібін қиындатып, заңнамаға өзгеріс енгізу керек. Егер ажырасу үшін бір тараптан арыз түссе, осы салада қызмет ететін қоғамдық ұйымдардың

Статистикадан жүрегім айниды. «Әкесі қызын зорлапты, бұл не деген қасиет?!» деп сұрастырсақ, өгей әкесі болып шығады. Бірақ анасына үйленген соң, туғаны болып саналады. Әйелдің де кінәсі бар, жақсылық іздеп қыздай қосылған жарынан ажырасқаны аздай, баласын тірідей жетім етіп, екінші біреуге тиеді. Ол ит қызына, ұлына зорлық көрсетті. Не қасиет қалды?! Әкеге де ақыры солай болатынын біліп, ұл мен қызыңды басқаға жауғандыққа қалай қидың деп айтар едім. Айтуға оңай десеңіз, өзімді солардың орнына қойып көрейін. Төрт баламның тұлға болып қалыптасуына алдымен мен жауаптымын ғой. Баланың мүддесі барлығынан биік болуы тиіс. Кейбір әкелер ажырасқан күннен ат құйрығын кеседі. Анасы да баласының әкесімен кездесіп, оның өміріне араласуына үзілді-кесілді қарсы болады. Бұл дұрыс емес. Сонда да айтар едім. Сен әйелге ренжіп баланы тастап кетпе, мектепке келіп балаңның жағдайын бай-

## ГҮЛСІМ АСФЕНДИЯРОВА КІМ?



Қазақ десең Алаш зиялылары, жаужүрек батырлар, хандар еске түседі. Алайда медицина саласында ер мен әйелді тең құқылы еткен, қазақ қыздарына үлгі бола алатын Гүлсім Асфендиярованың есімі ешқашан ұмытылмауы керек. Ол – тек қазақ қыздарының арасынан ғана емес, барша Орталық Азия халықтары қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер әйел. Толық есімі – Үммигүлсім.

Гүлсім қыздарға деген білімді, оқуды шектемейтін ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Әкесі Сейітжапар Асфендиярұлы – Әбілқайыр ханның ұрпағы, Айшуақ ханның немересі, анасы Гүлнам Қошқарбайқызы – Абылай ханның ұрпағы. Гүлсім – Санжар Асфендиярұлының әпкесі.

Осыдан 100 жыл бұрын қазақ қыздары жоғары білім туралы армандамаған кезде Гүлсім Ташкент қаласындағы әйелдер гимназиясының жеті жылдық курсына, Санкт-Петербург әйелдер медицина институтын бітірген. Әрі Ресейдегі жоғары оқу орнын ақтаған алғашқы қазақ қызы. Гүлсім тек дәрігер ғана емес, қайсар қазақ қызы болған. Оны біз университеттегі емтихандарын аяқтап болып, еш қорықпастан Николай патшаға жазған хатынан байқаймыз. Хатында өзінің туған жері Түркістан екенін, ол жердің тұрмыс-тіршілігімен жақсы таныс екенін және өзін маман ретінде атамекеніне жіберуі жайлы өтініш білдіреді. Осылайша Түркістанға оралған Гүлсім большевик билігі тұсында суығы басылмай ажырасып, оның ақыры ортадағы балаға тигені – осы. Мұны болдырмау үшін заңның қаттылығы да керек.

Пікір білдіргендер – қоғамдағы отбасы институтына қатысты мәселелерді күнде көріп-біліп, ортасында жүрген мамандар. Жағдайдың көлеңкелі жағын ашып айтамын сондықтан. Дейтұрғанмен отбасы институтының орнын көпе-көрінеу аспандапты алдық па, кім білсін. Оны отау көтерген жастар осы бір қарапайым, бірде аш, бірде тоқ бірлесе ғұмыр кешіп, ұл-қыз өсіріп, ұрпақ жалғастыратын ғана құрылымның күнделікті сүрең тірлігін қабылдағысы келмейді. Теледидардан көрерке қайдан болсын? Кешегі өткен жеке-аналарымыздай қанша жағдайда қазанын оттан түсірмей, айналасының жайқала өсіп, бақты мекеніне айналдыру әйелдерге тікелей қатысты екенін қазіргі жастар түсіне бермейді. Ішіп-жемнен кемдік көрсетпеу – ерінің міндеті. Мұндай жүкті көтеретінді алып жүруге жүрегіңіз шыдамаса, онда таңдау өзінде демекпіз. Әйтпесе үйлену үшін кетудің қаламаса ажырасып кетудің өзіндік ауыртпалығы барын еске салмақпыз.

арқасында қазақ қыздары тек фельдшер, медбике ғана емес, биік дәрежелі дәрігер бола алатынын ұқты. Гүлсім Ташкент қаласындағы перинатология институтында мамандарды даярлау жұмысына белсене қатысты. Газазеттерге арнайы үндеулер жариялап, дәрігер көмекшісі, медбике, фельдшер мамандығына қысқа және ұзақмерзімді курстарды ұйымдастыруға көмектесіп, курстардың оқу бағдарламасын дайындады. Сол курстарда өзі де дәріс оқып, ұстаздық қызметпен айналысты. Қысқасы, Гүлсім – өз заманында әйел құқығын жалау, білімді қалқан етіп, медицина саласының дамуына білек сыбана атсалысқандардың бірі де бірегейі. Өкінішке қарай, Гүлсім ханымға елеулі еңбегі үшін тек көктас қана қойылған екен, одан бөлек мектеп немесе оқу орнының атауы ұсынылса, арнайы ескерткіш қойылса артық етпес еді деп ойлаймын.

Әйел құқығы қай ғасырда да өзекті мәселе болып қала бермек. Оны шешу үшін Гүлсімдей ер мінезді, қайсар қан қайта тууы керек деп есептеймін. Гүлсімнің есімі ешқашан өшпеуі керек. Журналист Әлия Әшім Гүлсімдей бірегей тұлғамыздың жатқан жерін арнайы Ташкент қаласына іздеп барып, Боткин зиратынан тапты. Аты-жөні, туған жылы мен қайтыс болған уақыты өшіп кеткен көктасын жаңарту тұлғаның сенім артылып, депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. 1917 жылы 24-27 сәуір аралығында Қазан қаласында Бүкілресейлік мұсылман әйелдерінің арнайы съезі өтті. Ең маңыздысы, Гүлсім бұл жиында да алға суырылып шығып, әйел құқығы тақырыбын басшылыққа ала отырып, ана мен баланың денсаулығын қорғау жөніндегі мәселені көтерген. Әріне, Гүлсімнің осы еңбегінің

**Аружан ЕСЕНГЕЛДІ,**  
**Астана қаласындағы №8 мектеп-лицейдің түлегі**

# АЖЫРАСУ АЗАЯР ЕМЕС

ықпалымен ажырасқандарды айтқан болар. Жағдай шиеленіскен кезде кінәліні табу қиын. Мұндайда босағандан аттаған бойжеткеннің айтылған сынды қабылдай білуге ықыласы болғаны жақсы.

Ғаламдану, ақпараттану заманындағы отбасы құндылығы кейін шегініп, қазіргі тұрмысты болып жатқан «Қалаулымының құрбылары» да статистиканы бұзып тұр. Жас адам тәрбиені теледидардан алып, отбасындағы өмір өзінің қалағанындай қызыққа толы, таңдап тигені мәңгі бақи алақанына салып отырады дегенге сеніп, күрел тірліктің күре жолына түскенде күйі кетсе, ол – дайын болмағанның белгісі. Жастыққа тән қызбалықпен «ә» десе «мә» деп, жасы үлкен деп іркілмей, ұятты деп тартынбай, тақасып отыратындардың отбасын ұйыта алмағанын осы көрсеткіш көрсетіп отыр. Оны мамандар осы тұрғыда моральдық шектеулердің жоғуына қосыпты.

**Әсел НҰРФАЛИЕВА,**  
**Астана қаласы Азаматтық хал актілерін тіркеу басқармасының басшысы:**

– Мамандардың ажырасу процесінің жеңілдігі ажырасу себебінің бірі деген анықтамасы көңілге қонады. Осы ретте кейбір елдердің заңнама-сында бекітілген тәжірибесін бізге де қолдануға болатын сияқты. Немістердің Азаматтық кодексында сот көмекетке толмаған балалардың мүддесін қорғап, ата-анасының ажырасуынан баланың материалдық жағдайы қиындайтын болса, ерлі-зайыптының некені бұзу туралы талабын қанағаттандырмауға құқығы бар. Ұлыбританияда, соттың пікірінше, отбасындағы кемелетке толмаған балалары үшін елеулі қаржы қиындығына әкелуі мүмкін болса, ажырасуға тыйым салады. Отбасы мен некені сақтауда, біздің ойымызша, көптеген шетелдік заң актісінде «куту кезеңі» деген ұғым көмектесетін сияқты (Ұлыбритания, Италия, Франция, АҚШ, Швейцария және т. б.). Ажырасу үшін сотқа жүгінгендерді біздің заңнамадағыдай келген беттен бірден ажыратып жібермей, белгілі бір мерзімде бөлек тұруын қарастырады. Шетелдік құқық тәжірибесі көрсеткендей, мұндай мерзім екі жылдан аспауы керек.

мей отырған мына қоғамда әйелдің де, ерінің де міндетін белгілеп, оның жауапкершілігін заңмен анықтау – ең абзалы. Бас екеу болған соң, мал төртеу болады. Оны да әділдікпен бөліп, балаларының несібесін талан-таражға салмаудың бір жолы осы келісім-шарт болар.

**Мәлдір СЫЗДЫҚОВА,**  
**психолог:**

– Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Оның қайбірін айтып бітіреміз. Мамандар белгілеген «қазіргі қоғамға сәйкес келмейтін қатаң гендерлік рөлдің сақталуы және некеге деген көзқарастың өзгеруі жатады» дегеннің анығын ашып берейін. Оның басында отбасындағы зорлық-зомбылық жатыр. Дегенмен гендерлік рөл туралы айтқанда ежелден отбасының тірегі болған жеке-аналарымыздың тұрмыс салты мен ұстанымы қазіргі жастардың қаперіне кірмейтін болып қалды. Бір әулеттің жүгін бір өзі арқалаған олардың ауыртпалығы мен құрбандығына қазіргі жастардың барғысы жоқ. Өздерін елдің алдында көрсетіп, тұлға болып қалыптасып, қызметін жүргізіп, ерінің көлеңкесінде қалғысы келмейді. Оларға не деуге болады? Жалпы қазаққа ер-азаматтың орны бөлек болатын. Еркектің сұсы, десі деген болушы еді. Ол Адам атаның қабырғасынан жаралған әйелдің болмысынан артық болатын. Бір ауыз сөзімен, қабағымен

“

Отбасы мен некені сақтауда, біздің ойымызша, көптеген шетелдік заң актісінде «куту кезеңі» деген ұғым көмектесетін сияқты (Ұлыбритания, Италия, Франция, АҚШ, Швейцария және т. б.). Ажырасу үшін сотқа жүгінгендерді біздің заңнамадағыдай келген беттен бірден ажыратып жібермей, белгілі бір мерзімде бөлек тұруын қарастырады

өкілдерін шақырып, жекелеп сөйлесу керек. Расында, күйеуі тиран болса амал жоқ, ішкіш, наркоман, тағы басқа енді қайтып түзелмес ауыр жағдай болса әйелдерді түсінеміз. Кейде болмашы нәрсемен шаңырақ шайқалғалы тұрса, онда мен оны қолдай алмаймын. Негізі, ұлттық құндылық деген отбасында қалыптасады. Бала соны отбасында бойына сіңіреді. Мен қоғамдық қызметіміз байланысты неше түрлі комиссияның жұмысына араласамын.

№72 (4660) 18/06/2024 Сейсенбі

## АСТАНАДАН ШЫМКЕНТКЕ СӘЛЕМ

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры Шымкент шаһарына гастрольмен барды. Бір апталық сапар аясында «Астанадан Шымкентке сәлем» бағдарламасы аясында бес спектакль ұсынылды.

Атап айтқанда, «Гауһар-тас», «Қоштасқым келмейді», «Абай-Тоғжан» музыкалық драмалары, «Махаббат жағалауы» драмасы және «Махаббат бар ма?» лирикалық комедиясы көрермендердің үлкен қызығушылығын тудырды. Бұған қоса, А.Пушкин атындағы қалалық әмбебап кітапханада театр ұжымымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуде аталмыш театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров, театр актрисасы, Канн фестивалінің лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Самал Еслямова және басқа актрисалар мен актерлер өнерсүйер қауыммен, оқырмандармен сырласты, өз өнерін ортаға салды.



## КИЗ ҮЙ ҚҰРЫЛЫМЫМЕН ТАНЫСТЫ



Ұлттық музейде «Әсемдікке құштарлық» жобасы аясында «Қазақтың қара шаңырағы – киіз үй» тақырыбында сабақ өтті.

Киіз үйдің сән-салтанатын, әдемілік пен әсемдіктің үйлесімін таныту арқылы балалардың эстетикалық талғамын ояту мақсатында ұйымдастырылған сабаққа елордадағы №73 және 83 мектеп-лицейлерінің оқушылары қатысты. Сабақ барысында көшпенділер өркениетінің озық үлгісі болған қазақтың қасиетті киіз үйінің ертеден бергі тарихы баяндалып, құрылымы, ішкі және сыртқы безендірілуі жан-жақты түсіндірілді. Оқушылар киіз үйге қатысты ақпарат ала отырып, әртүрлі киіз үй макетін тамашалап, түрлі тапсырма орындады.

**Ғарифолла ҚҰРМАНҒАЛИЕВТІҢ 115 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ**  
камералық хордың концерті

**ӘНШІ ДАУЫСЫ**

20 ИЮНЬ 19:00 JUNE  
Камералық хордың концерттік залы

ЕРКЕҒАЛИ РАХМАДИЕВ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ФИЛАРМОНИЯНЫҢ КАМЕРАЛЫҚ ХОРЫ

Кереметтік жетекшісі әрі бас директоры – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира ҚҰТТЫБАДМОВА

Бас хормейстер – Дәнарә ТАШАТОВА  
Концертмейстер – Гүлден БАЗЫКЕН

СОЛИСТЕР:  
Гүлмира САРИНА, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»  
Айгерім НАЗҒУБЕ, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»  
Айнур ҚОНЫСБАЕВА  
Нұржан МЕЙІРХАН  
Алуа ҚАЛЫМБЕКОВА  
Айдар ШОНАЕВ  
Зіннат ҚАСЫМОВА  
Жүргізуші – Нұрлан НҮРЫШЕВ

Камералық хордың орындауында Ғарифолла Құрманғалиев шығармашылығының табынушылары: «Әнші дауысы», «Ақжүзі менің», «Отаным», «Ақжылы», «Зәуреш және беске дәуір сүйектің» ғылқиды.

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Елорданың «Ататүрік» саябағында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» атты сайыс өтті.



Дода Әкелер күні мерекесі аясында Байқоңыр ауданының әкелері мен балаларының қатысуымен ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – қазақтың ұлттық ойындарын ойнай отырып, отбасы институтын нығайту, отбасындағы әке рөлінің маңызын көрсету, отбасы құндылығын дәріптеу, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты күшейту. Отбасы жарысында қазақтың арқан тарту, бес тас, асық ату, тоғызқұмалақ, ләңгі тебу сынды ұлттық ойындарынан жарыс өтті. Қорытындысында бас жүлдені Айдар Шонаев пен баласы Таңатқан Нұрислам жеңіп алды.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

## ЖҮГІРГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Әлемнің 20-дан астам елінен 6000 спортшы қатысқан Astana Half Marathon EXPO 2017 көрмесінің алаңында басталып, қатысушылар қаланың орталық көшелерімен, «Бәйтерек» монументінің, «Хан Шатыр» сауда орталығының, Тәуелсіздік сарайы мен Ботаникалық бақтың жанынан жүгіріп өтті.

### Шапағат ӘБДІР

«Бірінші болу батылдығы» корпоративтік қорының ұйымдастыруымен өткен бұл марафонның мақсаты – еліміздің түкпір-түкпірінде жүгіруге деген сүйіспеншілікті ояту, спорт пен белсенді өмір салтын насихаттау, жүгіруді барлық жастағы және физикалық мүмкіндігі бар адамдар үшін қолжетімді әрі тартымды ету.

Аталған қор кеңесінің төрағасы Ғалымжан Есеновтің айтуынша, 2022 жылдан бастап қор

іс-шараларының географиясы кеңейіп, Алматы ғана емес, Астана, Түркістанды қамтыған.

Марафон қатысушылары 21,1 км (жартылай марафон), 10 км (скандинавиялық жаяу жүру) және экидэн командалық эстафетасы сияқты 4 қашықтықты басып өтті. Соңында барлық жеңімпаз бен жүлдегер серіктестер мен демеушілердің бағалы және ақшалай сыйлықтарымен марапатталды. Жарысқа қатысып, қуанышын жасыра алмаған спортшылар марафонның өз өмірі үшін маңызды екенін айтады.

– Бұл – менің үшінші жартылай

марафоным. Клубқа алғаш рет өзімнен рухани сәйкестіктегі достар табу үшін келген болатынмын. Қазіргі таңда бұл мақсатым толығымен орындалды. Сонымен қатар жүгіру өмірімді өзгертенін айтқым келеді. Осы жарысқа дейін екі жыл бойы клубта аптасына үш рет жаттығу жасадым. Онда мен күнде жүгіру үшін 30-40 минутымды бөлетінмін. Адам спортпен айналысу үшін ереже мен тәртіп болу керек. Тәртіп бос уақытыңды ұтымды пайдалануға және салауатты өмір сүруге үйретеді, – дейді жарысқа қатысушы Әлия Нұрғалиева.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №72

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ